

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы әкімшілік реформа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 223-VII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 3-б. қараңыз.

ҚР Конституциялық Сотының 08.04.2023 № 7 нормативтік қаулысымен осы Заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім):

1) 740-баптың 1-тармағы үшінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына;"

2) 741-баптың екінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына;"

2. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

14-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Уәкілетті органның құзыреті";

1-тармақ мынадай мазмұндағы 12-3), 15-2), 15-3) және 15-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-3) мемлекеттік жер кадастрын және жерге мониторинг жүргізудің дұрыстығына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;"

"15-2) осы Кодекстің 148-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген мәселелер бойынша сотқа талап арыз дайындау және беру;

15-3) мақсаты бойынша пайдаланылмай жатқан және игерілмеген не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жүрген жер учаскелерін анықтау және алып қою;

15-4) егер құрылыс, пайдалы қазба кен орындарын игеру, объектілерді пайдалану, геологиялық барлау және басқа да жұмыстар Қазақстан Республикасының жер заңнамасын, жер пайдаланудың белгіленген режимін бұза отырып жүзеге асырылып жатса, сондай-ақ егер бұл жұмыстар сараптамадан өтпеген немесе теріс қорытынды алған жобалар бойынша жүргізіліп жатса, оларды тоқтата тұру;"

4-тармақ алып тасталсын.

3. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

1) 12-баптың 11) және 18) тармақшалары алып тасталсын;

2) 13-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"13-бап. Уәкілетті органның құзыреті";

1-тармақта:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) мемлекеттік орман саясатын қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 4-1) және 5-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығы іс-шараларының орындалу сапасына және олардың орман орналастыру жобаларына сәйкестігіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

"5-1) тексерулер арқылы мыналарға:

орман қорындағы сандық және сапалық өзгерістерге, оның санитариялық жай-күйіне;

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын орман пайдалануға беру тәртібіне және ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді орман пайдалану шарттарының сақталуына;

ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, орман өрттерінің алдын алу жөніндегі, оларды уақтылы байқауды және жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, сондай-ақ өртеңдер алқаптарын есепке алудың дәлме-дәлдігіне және мемлекеттік орман қорына өрттен келтірілген залалды анықтауға, орман өрттерінің зардаптарын жою бойынша қабылданған шаралардың уақтылығына;

ормандарды зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына, орман зиянкестері мен аурулары ошақтарының туындауының, таралуының алдын алу бойынша қабылданған шаралардың уақтылығына, оларды, табиғи және антропогендік сипаттағы қолайсыз әсерлерден екпелердің әлсіреуі мен қырылуын есепке алу мен болжаудың дәлме-дәлдігіне;

кеспеағаш аймағының бөлінуіне;

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сүректі түбірімен босату және ағаш кесу қағидаларының, орман пайдаланудың өзге де қағидаларының сақталуына;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ормандарында күзет режимдерінің сақталуына;

мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман тұқымдарының аудандастырылуының, орман тұқымдарын дайындау, өңдеу, сақтау мен пайдалану және олардың сапасын бақылау қағидаларының сақталуына, питомник шаруашылығының жүргізілуіне;

орман қоры жерлерінің нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланылуына және осы жерлердің қорғалуына;

құрылыс жұмыстары, пайдалы қазбалар өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау кезінде мемлекеттік орман қорын пайдалану тәртібінің сақталуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады;"

2 және 3-тармақтар алып тасталсын.

4. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне:

1) 36-баптың 11) және 21) тармақшалары алып тасталсын;

2) 37-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өз құзыреті шегінде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық органдары су объектілерін кешенді пайдалану мен қорғаудың бекітілген бас бассейндік схемаларына сәйкес су ресурстарын басқарудың бассейндік қағидатын іске асыруға қатысады.";

3) 37-1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

4) 41-бап алып тасталсын;

5) 103-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Уәкілетті орган, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталған жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өнеркәсіп және жылу энергетика кәсіпорындарының су объектілері мен су шаруашылығы құрылысжайларын пайдалануын шектеуге, тоқтата тұруға немесе оған тыйым салуға құқылы.";

6) 118-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Су объектілеріндегі немесе өзен бассейндеріндегі және жерасты суларының кен орындарындағы төтенше экологиялық жағдайды уәкілетті орган жариялайды.".

5. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 22-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және мемлекеттік жоспарлау

жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдерден;"

2) 33-баптың 1-тармағының тоғызыншы абзацындағы "нысаналы аударымға бағытталған бағдарламалар болып бөлінеді." деген сөздер "нысаналы аударымға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"нысаналы жарнаға бағытталған бағдарламалар болып бөлінеді.";

3) 35-баптың 1-тармағының 1-2) тармақшасы, 2-2 және 7-тармақтары алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 39-3-баппен толықтырылсын:

"39-3-бап. Нысаналы жарна беруге бағытталған бюджеттік бағдарлама

1. Республикалық бюджеттен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қызметтердің көрсетілгеніне ақы төлеу үшін;

2) "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарналар төлеуден босатылған Қазақстан Республикасының азаматтары үшін мемлекеттің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналары түрінде;

3) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу үшін берілетін өтеусіз және қайтарымсыз төлемдер нысаналы жарна болып табылады.

2. Нысаналы жарна бюджеттік бағдарлама әкімшісі арқылы жүзеге асырылады.

3. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін нысаналы жарна нәтижелерінің көрсеткіштері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның даму жоспарында айқындалады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның даму жоспарында айқындалған нысаналы жарна нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

4. Нысаналы жарна бойынша шығыстарды жоспарлау бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

5. Нысаналы жарнаны салуға бағытталған бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.";

5) 53-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленетін нысаналы жарна,";

6) 62-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы, Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығы, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ревизиялық комиссиялары, мәслихаттардың аппараттары және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар мемлекеттік органдардың даму жоспарларын әзірлемейді.";

7) 69-баптың 2-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

8) 88-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы алып тасталсын;

9) 175-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттеу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган кредитор болып табылады.";

10) 180-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бюджеттік кредиттің негізгі талаптары бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шешімімен белгіленеді.";

11) 193-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бюджеттік кредитті қайта құрылымдау бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның жанындағы консультативтік-кеңесші органның оң қорытындысы болған кезде әрбір кредиттік шарт бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.";

12) 194-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік кредит бойынша борышты аударуға бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе тиісті жергілікті атқарушы орган шешімінің негізінде кредиттік шарт тараптарының келісімі бойынша жол беріледі.";

13) 199-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Квзимемлекеттік сектордың сыртқы қарыздарының көлемін келісу тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп айқындайды.";

14) 203-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін үкіметтік борыш лимитін, мемлекеттік кепілдіктер және мемлекет кепілгерлігін беру лимиттерін және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін жергілікті атқарушы органдар борышының лимиттерін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындауын;"

15) 212-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздар шығаруы бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.";

16) 225-2-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру лимитін айқындауға арналған соманы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейді."

6. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 86-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау, қайтару тәртібін және оның мөлшерін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.";

2) 125-баптың 2-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қорғаншыларға немесе қамқоршыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-бағуға жәрдемақы тағайындау тәртібін және төлеу мөлшерін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.";

3) 137-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Патронат тәрбиешілерге берілген әрбір баланы күтіп-бағуға Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы белгілеген тәртіппен және мөлшерде ай сайын ақшалай қаражат төленеді."

7. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

161-баптың жетінші бөлігінің екінші абзацындағы "әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының банктік шоттардағы активтеріне" деген сөздер "банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:

1) 15-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "қағидаларын;" деген сөз "қағидаларын бекітеді." деген сөздермен ауыстырылып, 1), 3), 4) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 16-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша пробация қолданылатын адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын;

1-2) пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін;

1-3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарының тізбесін;"

3) 97-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда, барлық мекемелерде сотталғандар белгіленген нысандағы киімді киеді."

9. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) 20-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бастамаларын қолдауды мемлекеттік органдар, ұлттық холдингтер, ұлттық даму институттары және өзге де ұйымдар кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.";

2) 25-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

3) 25-1-бапта:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттандыру объектілерін бизнес-әріптестердің тізілімімен интеграциялау тәртібі Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасында айқындалады.";

4-тармақ алып тасталсын;

4) 61-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерлерін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

5) 64-бапта:

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуден өткізу тәртібін, оның ішінде аккредиттеу туралы куәліктің нысанын, аккредиттеудің күшін жою негіздері мен тәртібін кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

9-тармақ алып тасталсын;

6) 79-4-бапта:

1-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнаулы комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың, Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік одақтардың өкілдері кіреді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларын кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

7) 84-баптың 1-тармағының бірінші бөлігінің 1-2), 2), 3), 4) тармақшалары, екінші және үшінші бөліктері және 2-тармағы алып тасталсын;

8) 85-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізілімін жүргізу қағидаларын бекітеді;"

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жұмыскерлердің орташа жылдық санын және орташа жылдық кірісті есептеу қағидаларын бекітеді;"

8) тармақша алып тасталсын;

9) 94-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қаржылық қолдау тәртібін, нысандарын, мемлекеттік қаржылық қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика саласын (салаларын), мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін тартылатын заңды тұлғаны (тұлғаларды), қаржылық қолдау мөлшерлерін және мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін қажетті басқа да шарттарды кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша тиісті салалардағы уәкілетті органдар бекітеді.";

10) 98-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 5), 7), 11), 16), 22) және 23) тармақшалары және 2-тармағы алып тасталсын;

11) 99-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке кәсіпкерлікті дамыту және мемлекеттік қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2), 2-3), 2-4) және 2-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) өндірістік қызметті ұйымдастыру және халыққа қызмет көрсету саласын дамыту үшін мемлекеттік меншіктің пайдаланылмайтын объектілерін және олар алып жатқан жер учаскелерін кейіннен меншікке өтеусіз бере отырып, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалдауға (жалға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын бекітеді;

2-2) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын, орталық мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар әзірлейтін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарды сараптама кеңестерінің қарауын ұйымдастырады;

2-3) жеке кәсіпкерлік субъектілерін дамыту үшін кедергілерді жою мақсатында экономика салаларының жұмыс істеуіне талдау жүргізеді;

2-4) жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ішкі және сыртқы нарықтардың жай-күйі туралы экономикалық ақпарат беруді ұйымдастырады;

2-5) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін аккредиттеуден өткізу қағидаларын бекітеді;"

12) 100-1-баптың 2-тармағының 1) және 1-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

1-1) мемлекеттік технологиялық саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

13) 105-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) кәсіпкерлік ортаға, инвестициялық ахуалға және жеке кәсіпкерлікті дамыту инфрақұрылымына талдау жүргізеді;"

14) 117-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекітеді.";

15) 124-5-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) электр энергиясының орталықтандырылған саудасын ұйымдастыру және жүргізу, сауда жүйесінің орталықтандырылған сауда-саттықты жүргізуге әзірлігін қамтамасыз ету, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының қызметін жүзеге асыруға байланысты оның шығындары бөлігінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын орталықтандырылған сатып алуы және сатуы, электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді орталықтандырылған сатып алу және электр қуатын бірыңғай сатып алушының қызметін жүзеге асыруға байланысты оның шығындары бөлігінде бірыңғай сатып алушының жүктемелерін көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді орталықтандырылған сату;"

16) 282-1-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Инвесторлар үшін "бір терезені" ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ инвестициялар тарту кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін инвестициялар жөніндегі

уәкілетті орган бекітеді және олар "бір терезе" қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтерді алу үшін экономиканың нақты салаларында инвестициялар мөлшерін, сондай-ақ:".

10. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 15-баптың 2), 3), 5), 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 16-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 9-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

"9-1) еңбекке уақытша қабілетсіздігі бойынша әлеуметтік жәрдемақының мөлшерлерін айқындайды;"

3) 26-баптың 1-тармағының б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Қазақстан Республикасының аумағында уақытша болатын:

отбасына қосылу мақсатында келуге және онда болуға арналған рұқсатты және Қазақстан Республикасының заңнамасында танылатын, Қазақстан Республикасының азаматымен некеде тұрғанын растайтын құжатты ұсынбаған;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттарда шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда алғашқы медициналық-санитариялық көмекті және мамандандырылған медициналық көмекті жабатын жүктелген медициналық сақтандыру шарты жоқ шетелдіктермен және азаматтығы жоқ адамдармен;"

4) 85-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мереке күндері кезеңінде, сондай-ақ осы Кодекстің 84-бабының 5-тармағында көзделген демалыс күндерінде жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында еңбек жөніндегі уәкілетті орган демалыс күндерін басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы."

11. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) Қазақстан Республикасында жүргізілетін тауарлардың сыртқы электрондық саудасы саласындағы экспериментті іске асырады;

14-2) мыналарды:

кедендік декларациялаудың ерекшеліктерін;

сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша тауарлар санатын, Қазақстан Республикасында жүргізілетін тауарлардың сыртқы электрондық саудасы саласындағы экспериментті іске асырушы өңірді және электрондық сауда тауарларына қатысты техникалық регламенттерді сақтаудың хабарламалық тәртібін қолдануды айқындайды;"

2) 125-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі 2) тармақшасының үшінші абзацы " Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды," деген

сөздерден кейін "тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатын," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 332-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кедендік рәсімдермен орналастыруға жатпайтын, жою нәтижесінде түзілген қалдықтар Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары мәртебесіне ие болады және түзілген қалдықтар одан әрі коммерциялық пайдалануға уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жарамсыз деп танылған күннен бастап не түзілген қалдықтарды көму, залалсыздандыру, кәдеге жарату немесе өзге тәсілмен жою фактісін не оларды осындай операциялар жасау үшін беру фактісін растайтын құжаттар кеден органына берілген күннен бастап кедендік бақылауда емес деп есептеледі.";

4) мынадай мазмұндағы 45-1-тараумен толықтырылсын:

"45-1-тарау. Қазақстан Республикасында жүргізілетін тауарлардың сыртқы электрондық саудасы саласындағы экспериментті іске асыру кезінде кедендік декларациялаудың, электрондық сауда тауарларын шығарудың және кедендік операцияларды жасаудың ерекшеліктері

392-1-бап. Осы тарауда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы тараудың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары – Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылған және тараптарының бірі жеке тұлға болып табылатын мәміле шеңберінде Интернет желісін пайдалана отырып электрондық сауда алаңдарында Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын (уақытша болатын) жеке тұлғаларға өткізуге арналған тауарлар;

2) жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары – Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын (уақытша болатын) жеке тұлға мен шетелдік адам арасындағы мәміле шеңберінде Интернет желісін пайдалана отырып электрондық сауда алаңдарында жеке тұлғалар сатып алған, Қазақстан Республикасының аумағына үшінші елдерден халықаралық пошта жөнелтілімдерінде немесе осындай тауарларды алушы болып табылатын жеке тұлғалардың атына тасымалдаушы әкелген тауарлар;

3) Қазақстан Республикасында жүргізілетін тауарлардың сыртқы электрондық саудасы саласындағы экспериментке қатысушылар – уәкілетті орган, сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган, электрондық сауда операторлары, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын (уақытша болатын) жеке тұлғалар;

4) электрондық сауда операторлары – уәкілетті орган Қазақстан Республикасында жүргізілетін тауарлардың сыртқы электрондық саудасы саласындағы экспериментті (

бұдан әрі – эксперимент) іске асыруға қатысуға жіберген және электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операциялар жасайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары;

5) электрондық сауда тауарлары – жеке тұлғаларға сатуға арналған электрондық сауда тауарлары және жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары.

392-2-бап. Электрондық сауда операторларын айқындау тәртібі

1. Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын экспериментті іске асыруға қатысуға жіберу өтініш негізінде және олар осы Кодекстің 392-9-бабы 2-тармағының 2), 4) және 12) тармақшаларында белгіленген міндеттерді сақтаған кезде жүзеге асырылады.

2. Электрондық сауда операторы ретінде экспериментті іске асыруға қатысу туралы өтінішті заңды тұлға уәкілетті органға электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште еркін нысанда береді.

3. Уәкілетті орган өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде оның осы Кодекстің 392-9-бабы 2-тармағының 2), 4) және 12) тармақшаларында белгіленген міндеттерге сәйкестігін қарайды.

Өтінішті қарау нәтижелері туралы уәкілетті орган өтініш берушіні тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда хабардар етеді.

Өтініш беруші осы Кодекстің 392-9-бабы 2-тармағының 2), 4) және 12) тармақшаларында белгіленген міндеттерге сәйкес келмеген кезде уәкілетті орган өтініш берушіні электрондық сауда операторы деп танудан бас тартады.

Өтініш беруші бұзушылықтарды жойғаннан кейін, өтініш уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайта қаралады.

392-3-бап. Экспериментке қатысушылардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі

1. Электрондық сауда операторлары кеден органдарымен:

1) үшінші елдердің электрондық сауда алаңдарының электрондық сауда операторы Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарларды алушы болып табылатын жеке тұлғалардың атына осындай тауарлар туралы беретін мәліметтерді өзгеріссіз түрде кеден органдарына ұсыну арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

Электрондық сауда операторлары алынған мәліметтердің әкелінген электрондық сауда тауарларымен сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, электрондық сауда операторлары кедендік декларациялауды жүзеге асыру үшін мәліметтерге тиісті өзгерістер енгізеді;

2) электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялауды жүзеге асыру;

3) кедендік баждарды, салықтарды есептеу және төлеу;

4) электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операциялар жасау арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

2. Электрондық сауда тауарларын алушы жеке тұлғалар электрондық сауда операторларымен:

1) электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялау үшін қажетті мәліметтерді беру;

2) электрондық сауда операторына тиесілі кедендік төлемдердің, салықтардың сомаларын төлеу арқылы өзара іс-қимыл жасайды.

392-4-бап. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын шығару

1. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары Қазақстан Республикасының аумағында болуы және пайдаланылуы үшін кеден органдарының кедендік рәсімдерге орналастырмай, осы тарауда көзделген тәртіппен және шарттарда кедендік декларациялауына және шығаруына жатады.

2. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды декларант – осындай тауарларды алушы болып табылатын жеке тұлға дербес не декларанттың (жеке тұлғаның) атынан электрондық сауда операторлары жасайды.

3. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларын шығаруды кеден органы Комиссия бекіткен кедендік баждардың, салықтардың бірыңғай мөлшерлемелеріне сәйкес жиынтық кедендік төлем түрінде алынатын кедендік баждар, салықтар төленген жағдайда жүргізеді.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларын шығару осы Кодекстің 193-бабында белгіленген мерзімдерде аяқталуға тиіс.

5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарлары шығарылған кезден бастап Еуразиялық экономикалық одақ тауарларының мәртебесіне ие болады.

392-5-бап. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік төлемдерді қолдану және кедендік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді орындау

1. Жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарлары бірыңғай мөлшерлемелер бойынша алынатын кедендік баждарды, салықтарды салу объектісі болып табылады.

2. Бірыңғай мөлшерлемелер бойынша алынатын кедендік баждарды, салықтарды есептеу мақсаттары үшін осындай тауарлардың құны және (немесе) олардың заттай мәндегі физикалық сипаттамасы (саны, массасы, оның ішінде тауардан оны тұтынғанға дейін бөлінбейтін және (немесе) тауар бөлшек сатылым үшін ұсынылатын тауардың бастапқы қаптамасы ескерілгендегі массасы, тауардың көлемі немесе өзге де сипаттамалары) оларды есептеу және қолданылатын мөлшерлеме түрлері үшін негіз болып табылады.

3. Әкелінетін электрондық сауда тауарларының құны осындай тауарларды сатып алу туралы құжатта (чектер, шоттар, банктік төлем құжаттары) көрсетілген олардың қорытынды құны туралы ақпарат негізінде, ал электрондық сауда операторлары

кедендік операцияларды жасаған кезде – осындай тауарларды сатып алу туралы электрондық сауда операторлары электрондық сауда алаңынан алған мәліметтер (мұндай ақпарат болған кезде) негізінде Комиссия бекіткен нысан бойынша экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияда мәлімделеді.

4. Электрондық сауда тауарларының құны анық, сандық жағынан анықталған және құжатпен расталған ақпарат негізінде мәлімделуге тиіс.

5. Электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік алымдар алынбайды.

6. Бірыңғай мөлшерлемелер бойынша алынатын кедендік баждарды, салықтарды есептеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүзеге асырылады.

7. Бірыңғай мөлшерлемелер бойынша алынатын кедендік баждарды, салықтарды есептеу мақсаттары үшін кеден органы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы бекіткен нысан бойынша экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны не электрондық сауда операторлары пайдаланатын және шығару үшін қажетті мәліметтерді қамтитын электрондық түрдегі өзге де құжатты (бұдан әрі – өзге электрондық құжат) тіркеген күні қолданыста болатын мөлшерлемелер қолданылады.

8. Электрондық сауда тауарларын алушы болып табылатын жеке тұлғада кедендік төлемдерді төлеу міндеті туындайды. Электрондық сауда тауарларын дербес кедендік декларациялау кезінде бірыңғай мөлшерлемелер бойынша алынатын кедендік баждарды, салықтарды төлеуші декларант болып табылады.

Электрондық сауда тауарларын кедендік декларациялауды декларанттардың атынан электрондық сауда операторлары жүзеге асырған кезде бірыңғай мөлшерлемелер бойынша алынатын кедендік баждарды, салықтарды төлеушілер электрондық сауда операторлары болып табылады, бұл ретте электрондық сауда операторлары кедендік төлемдерді төлеуге шеккен шығындарды өтеу бөлігінде электрондық сауда операторлары мен декларанттар арасындағы өзара қатынастар шарттық негізде жүзеге асырылады.

392-6-бап. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кеден қоймасы кедендік рәсімін қолдану ерекшеліктері

1. Кеден қоймасы кедендік рәсімі осы бапта көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, осы Кодекстің 25-тарауында белгіленген тәртіппен және шарттарда жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты қолданылады.

2. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды осындай тауарлардың декларанттары атынан электрондық сауда операторлары жасайды.

3. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты осы Кодекстің 8-бабына сәйкес тыйым салулар мен шектеулер сақталады.

4. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларына қатысты осы Кодекстің 216-бабы 2-тармағы бірінші абзацының ережелері қолданылмайды.

5. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған, кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылған электрондық сауда тауарларын сақтау осындай тауарлардың декларанттары болып табылатын электрондық сауда операторларының құрылысжайларында (үй-жайларында, алаңдарында) жүзеге асырылады.

6. Осы Кодекстің 237-бабында көзделген кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін осы кедендік рәсімнің қолданысы:

1) жеке тұлғалар Интернет желісінің ресурстарын пайдалана отырып электрондық сауда алаңдарында жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын сатып алғаннан кейін оларды ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырумен;

2) кеден органдары осы Кодекстің 241-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес аварияның немесе еңсерілмейтін күш әрекетінің салдарынан электрондық сауда тауарларын жою және (немесе) қайтарымсыз жоғалту фактісін не тасымалдаудың (тасудың) және (немесе) сақтаудың қалыпты жағдайлары кезінде табиғи кему нәтижесінде осындай тауарларды қайтарымсыз жоғалту фактісін танумен аяқталады.

7. Осы Кодекстің 237-бабында көзделген кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін осы кедендік рәсімнің қолданылуы жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарларын кері экспорт кедендік рәсімімен орналастырумен аяқталуы мүмкін.

8. Осы баптың 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданысы аяқталғанға дейін – Комиссия көздеген ерекшеліктері бар тауарларға декларация берілгенге дейін тауарларды шығару туралы өтінішті электрондық түрде ұсыну арқылы жеке тұлғаларға сатуға арналған, кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылған электрондық сауда тауарларын осындай тауарларды алушы болып табылатын жеке тұлғаға жеткізу үшін құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкетуге жол беріледі.

9. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған, оларды сатып алған жеке тұлғаларға берілген электрондық сауда тауарлары осы баптың 8-тармағына сәйкес тауарларға декларация берілгенге дейін электрондық сауда операторлары тауарларды шығару туралы өтініш бергеннен кейін Еуразиялық экономикалық одақ тауарлары мәртебесіне ие болады.

10. Экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны не осы баптың 8-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларын шығару үшін, оларды осы баптың 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын өзге де электрондық құжатты электрондық сауда операторлары кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылу мерзімі ішінде, бірақ жеке тұлға осы тауарларды сатып алған айдан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей беруге тиіс.

Шығарудан бас тартылған кезде экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны не көрсетілген тауарларға қатысты өзге де электрондық құжатты

электрондық сауда операторлары тауарларды шығарудан бас тартылған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс.

392-7-бап. Электрондық сауда операторларының жеке тұлғалар сатып алған электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері

1. Электрондық сауда операторлары тауарлар Қазақстан Республикасына келгенге дейін немесе келген кезде кеден органдарына электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған, экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны не өзге де электрондық құжатты толтыру және кеден органдарының ақпараттық жүйесіне жіберу арқылы халықаралық пошта жөнелтілімдерінде жіберілетін немесе жеке тұлғалардың атына тасымалдаушы жеткізетін тауарлар туралы ақпаратты (бұдан әрі – тауарлар туралы мәліметтер) электрондық түрде ұсынады.

Электрондық сауда операторларының экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны не өзге де электрондық құжатты толтыруы және ұсынуы әкелуі күтілетін немесе келген электрондық сауда тауарлары туралы мәліметтерді кеден органдарының ақпараттық жүйесіне беру, кеден органдарының ақпараттық жүйесінде көрсетілген мәліметтерді өңдеу және электрондық сауда операторлары мен кеден органдарының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимыл жасауы арқылы мұндай мәліметтерді автоматты режимде экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияға айналдыру арқылы жүзеге асырады.

Электрондық сауда операторларының экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны не өзге де электрондық құжатты кеден органдарының ақпараттық жүйесіндегі клиенттік жұмыс орнынан тікелей беруіне жол беріледі.

2. Экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларация не өзге де электрондық құжат тауарлар келгенге дейін және оны кеден органдарының ақпараттық жүйесінде тіркегенге дейін жіберілген кезде электрондық сауда операторлары кедендік төлемдерді, салықтарды экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны не өзге де электрондық құжатты тіркеген күнге қолданыста болатын шетел валюталарының бағамына сәйкес есептейді.

3. Электрондық сауда операторларының дербес шоттарында кедендік баждарды, салықтарды төлеу есебіне есептен шығару және есепке жатқызу үшін ақша қаражаты жеткіліксіз болған кезде кеден органдарының ақпараттық жүйесінде экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияларды не өзге де электрондық құжатты шығарудан бас тартылады.

4. Электрондық сауда тауарларын уақытша сақтау осы Кодекстің 392-9-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес электрондық сауда операторларының үй-жайларында жүзеге асырылады.

Осы Кодекстің 507-бабы 1-тармағының 5) тармақшасының шарттары тауарларға қолданылған жағдайда, электрондық сауда операторларының үй-жайларында электрондық сауда тауарларымен бірге электрондық сауда операторларының атына

жалпы жүкқұжат бойынша немесе Дүниежүзілік пошта одағының актілерінде көзделген құжаттар бойынша келіп түсетін басқа да тауарлар сақталуы мүмкін.

392-8-бап. Жеке тұлғаларға өткізуге арналған, кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылуын аяқтау үшін ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылатын электрондық сауда тауарларына қатысты кедендік операцияларды жасау тәртібі

1. Бұрын кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылған және жеке тұлғаларға өткізуге арналған электрондық сауда тауарлары оларды сатып алған жеке тұлғаларға жеткізу үшін кеден қоймасынан осындай тауарларды беру және кеден қоймасы рәсімін аяқтау мақсатында тауарларға декларация берілгенге дейін Комиссия бекіткен тауарларды шығару туралы өтініштің негізінде ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастырылады.

2. Бір өтініште бір жеке тұлғаның бір интернет-алянда сатып алған электрондық сауда тауарлары туралы мәліметтер көрсетіледі.

3. Электрондық сауда операторлары Комиссия бекіткен тауарларды шығару туралы өтінішті толтыру ерекшеліктеріне сәйкес тауарларға декларация берілгенге дейін оны толтырады және кеден органдарының ақпараттық жүйесіне жібереді.

4. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларына қатысты оларды 392-6-баптың 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсімімен орналастыру үшін электрондық сауда операторлары кеден қоймасы кедендік рәсімінің қолданылу мерзімі ішінде, бірақ көрсетілген кезеңде кеден қоймасынан әкетілген электрондық сауда тауарлары шығарылған айдан кейінгі айдың оныншы күнінен кешіктірмей, Комиссия бекіткен экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны беруге тиіс.

5. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген электрондық сауда тауарларын ішкі тұтыну үшін шығару кезінде кедендік әкелу баждары Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелері бойынша есептеледі және төленеді.

6. Кедендік баждар ішкі тұтыну үшін шығару кедендік рәсіміне сәйкес электрондық сауда тауарлары шығарылғанға дейін төленеді.

7. Кедендік төлемдерді электрондық сауда операторлары экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияны кеден органы тіркеген күнге қолданыста болатын шетел валюталарының бағамына сәйкес есептейді.

392-9-бап. Электрондық сауда операторларының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

1. Электрондық сауда операторлары:

1) электрондық сауда тауарларын алушылар болып табылатын жеке тұлғалардан, электрондық сауда аяндарынан кедендік операцияларды жасау үшін қажетті, оның ішінде коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын

ақпаратты не басқа да құпия ақпаратты қамтитын құжаттар мен мәліметтерді сұратуға және осындай құжаттар мен мәліметтерді осы Кодексте белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін мерзімдерде алуға;

2) жеке тұлғадан кедендік төлемдерді, салықтарды төлеуге шеккен шығындардың өтемақысын талап етуге;

3) осы Кодекстің 158-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда, талап етілмеген (алушы қабылдамаған) электрондық сауда тауарларын жөнелтушіге қайтару бойынша кедендік операцияларды жасауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Электрондық сауда операторлары:

1) осы Кодекстің 150-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында белгіленген міндеттерді сақтауға;

2) меншігінде, шаруашылық жүргізуінде, жедел басқаруында немесе жалға алуында электрондық сауда тауарларын уақытша сақтауға арналған олардың құрылысжайлары, үй-жайлары (үй-жайлардың бір бөлігі) және (немесе) ашық алаңдары (ашық алаңдардың бір бөлігі) болуға;

3) кеден органдарының сұрау салуы бойынша Комиссия бекіткен экспресс-жүктер үшін тауарларға арналған декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынуға;

4) электрондық сауда тауарларын электрондық нысанда кедендік декларациялауды жүзеге асыру үшін кеден органдарының ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін олардың ақпараттық жүйесі болуға не электрондық сауда тауарларын электрондық нысанда кедендік декларациялауды жүзеге асыру үшін кеден органдарының ақпараттық жүйесіне олардың авторландырылған қолжетімділігі болуға;

5) құрылысжайларда (үй-жайларда, алаңдарда) орналасқан электрондық сауда тауарларының сақталуын қамтамасыз етуге;

6) кедендік бақылауды жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

7) осы Кодекстің 236-бабының 2-тармағында белгіленген кеден қоймасы кедендік рәсіміне сәйкес электрондық сауда тауарларын пайдалану шарттарын сақтауға;

8) уақытша сақтауға орналастырылған электрондық сауда тауарларының және құрылысжайларда (үй-жайларда, алаңдарда) орналасқан кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылған электрондық сауда тауарларының бөлек есебін жүргізуге және кеден органдарына осындай тауарлар туралы есептілікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалған есептілікті ұсынуға;

9) кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылған электрондық сауда тауарларының және жеке тұлғалар сатып алған және құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкетілген, кеден қоймасы кедендік рәсімімен орналастырылған

электрондық сауда тауарларының бөлек есебін жүргізуге және жеке тұлғалар сатып алған және құрылысжайлардан (үй-жайлардан, алаңдардан) әкетілген тауарлар туралы есептілікті, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалған есептілікті кеден органдарына ұсынуға;

10) кеден органдарының декларацияланатын электрондық сауда тауарларына қатысты қабылданған шешімдерін орындауға;

11) кеден органдарының лауазымды адамдарының құрылысжайлардағы (үй-жайлардағы, алаңдардағы) электрондық сауда тауарларына қол жеткізуіне қатысты кеден органдарының талаптарын орындауға;

12) электрондық сауда операторы ретінде экспериментке қатысу туралы өтініш берген күнге кеден өкілі ретінде кемінде бір жыл қызметті және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті

3. Электрондық сауда операторлары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

392-10-бап. Электрондық сауда операторлары мен уәкілетті орган арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл

Электрондық сауда операторлары мен уәкілетті орган арасындағы кедендік декларациялау шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл кеден органдарының ақпараттық жүйесінің көмегімен немесе электрондық сауда операторлары мен уәкілетті органның ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады.";

5) 544-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Кодекстің 45-1-тарауы 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады деп белгіленсін."

12. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

1) 3-бапта:

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының және олардың құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің;"

7-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қарау тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жолданымдар;"

2) 4-баптың 1-тармағының 24) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"24) мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган – мемлекеттік басқару органдарының қызметіне функционалдық талдау жүргізу және

орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын бәсекелестік ортаға беру жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

3) 41-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік органдар мемлекеттік басқару жүйесін дамыту саласындағы уәкілетті орган бекітетін, мемлекеттік органдардың қызметіне салалық (ведомстволық) функционалдық шолулар жүргізу жөніндегі әдістемеге сәйкес қызметке функционалдық талдауды дербес жүргізеді.";

4) 43-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларын жобалық басқару жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.";

5) 43-3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік органдар цифрлық трансформациялауды жүргізеді.".

13. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) 1-баптың 41) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"41) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды берудің ұзақ мерзімді шарты – бірыңғай дистрибьютор Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дәрілік заттарды немесе медициналық бұйымдарды өндірушімен не патенттелген бірегей дәрілік заттардың келісімшарттық өндірісіне тапсырыс берушімен, сондай-ақ дәрілік заттарды немесе медициналық бұйымдарды жеткізуге медициналық бұйымдардың келісімшарттық өндірісіне тапсырыс берушілермен не Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың өндірісін құруға немесе жұмыс істеп тұрғандарын жаңғыртуға ниеті бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектімен үш жылға дейін ұзарту құқығымен он жылға дейінгі мерзімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасасатын азаматтық-құқықтық шарт;"

2) 6-баптың 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшалары алып тасталсын;

3) 7-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1), 9-1), 9-2), 15-1), 15-2), 101-1) және 101-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) төтенше жағдайлар, төтенше жағдай режимін енгізу кезінде халыққа медициналық көмек беру тәртібін, түрлерін және көлемін айқындайды;"

"9-1) денсаулық сақтау саласындағы ұлттық операторды, оның функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды;

9-2) бірыңғай дистрибьюторды айқындайды;"

"15-1) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде, бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнаулы емдік өнімдерді, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды;

15-2) бірыңғай дистрибьютордың қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде, бюджет қаражаты есебінен (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды есепке алу және өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындайды;"

"101-1) Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуден өтпеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды гуманитарлық көмек ретінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелу жағдайларын айқындайды;

101-2) адам өмірі мен денсаулығына зиянды әсерін тигізетін, күшті әсер ететін заттардың тізбесін бекітеді;"

4) 13-бап мынадай мазмұндағы 21-4), 21-5) және 21-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-4) халыққа профилактикалық екпелер жүргізуді ұйымдастырады;

21-5) уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйымдарды қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік заңды тұлғалардағы корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі қызметті үйлестіруді және мониторингтеуді жүзеге асырады;

21-6) уәкілетті органға ведомстволық бағынысты ұйымдарды қоспағанда, үкіметтік емес ұйымдар үшін, оның ішінде халықтың негізгі топтары үшін азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылуын мониторингтеу және нәтижелерін бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асырады;"

5) 25-баптың 1-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;

6) 66-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Денсаулық сақтау саласындағы функционалдық оператор – жарғылық қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын, концессия шартының тарапы болып табылмайтын, концессия объектісіне функционалдық қызмет көрсетуге байланысты

қызметті жүзеге асыруға арналған мемлекеттік заңды тұлға не мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы оған меншік құқығымен тиесілі оның еншілес ұйымы.";

7) 69-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтерін сатып алу және оларға ақы төлеу үшін әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражаты мен қор активтерін біріктіруді жүргізеді.";

8) 195-бапта:

3) тармақшаның екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке және заңды тұлғалардың жарналары есебінен көрсетілетін ерікті және (немесе) жүктелген медициналық сақтандыру шеңберінде";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету кепілдіктерінің бағдарламасын Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын үш жылдық кезеңге айқындайды.";

9) мынадай мазмұндағы 201-1-баппен толықтырылсын:

"201-1-бап. Жүктелген медициналық сақтандыру шеңберіндегі медициналық көмек

1. Жүктелген медициналық сақтандыру "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге арналған, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен жүктелген медициналық сақтандырудың үлгілік шартында айқындалған талаптарда медициналық көрсетілетін қызметтерді алуға мүмкіндік беретін медициналық сақтандыру түрі болып табылады.

2. Жүктелген медициналық сақтандырудың үлгі шартында айқындалған сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді алу қажеттілігіне байланысты сақтандырылған адамның мүлктік мүддесі жүктелген медициналық сақтандыру объектісі болып табылады.

3. Сақтандырылған адамның медициналық ұйымдарға жүгіну қажеттілігіне алып келген денсаулық жағдайының нашарлау ықтималдығы сақтандыру тәуекелі деп танылады.

4. Сақтандырылған адамның денсаулық жағдайының нашарлауы және медициналық ұйымда соған байланысты медициналық көмек:

1) медициналық-санитариялық алғашқы көмек;

2) шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек алуы жүктелген медициналық сақтандыру кезіндегі сақтандыру жағдайы болып табылады.

Жүктелген медициналық сақтандыру кезіндегі медициналық көмектің ең аз тізбесін уәкілетті орган айқындайды.

5. Жүктелген медициналық сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптар келісімінің талаптарында айқындалады және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштерде айқындалатын мөлшерден кем болмауға тиіс:

1) медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету үшін – кемінде елу айлық есептік көрсеткіш;

2) стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін – кемінде бір жүз айлық есептік көрсеткіш.

6. Жүктелген медициналық сақтандырудың өзге де талаптары жүктелген медициналық сақтандырудың үлгілік шартында айқындалады және белгіленеді.";

10) 255-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар айқындайтын тізбе бойынша әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері пайдаланатын медициналық дәрі қобдишасының құрамында Қазақстан Республикасының аумағынан уәкілетті органмен келісілмей әкетілуі мүмкін."

14. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

1) 26-баптың 2), 3), 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

2) 27-баптың 2-тармағында:

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) Қазақстан Республикасының климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттары бойынша міндеттемелерді орындау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру;"

13) тармақшадағы "арқылы бірыңғай мемлекеттік экологиялық саясатты іске асырады" деген сөздер "арқылы бірыңғай мемлекеттік экологиялық саясатты қалыптастырады және іске асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 391-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

4) 405-баптың 8-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімімен – төтенше экологиялық жағдай аймағы;"

5) 410-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"410-бап. Төтенше экологиялық жағдай аймағы немесе экологиялық апат аймағы құқықтық режимінің қолданысын тоқтату

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы мен экологиялық ахуалдың қалыпқа келтірілгенін куәландыратын зерттеп-қарау материалдары негізінде

төтенше экологиялық жағдай аймағы құқықтық режимінің қолданысы – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның шешімімен, ал экологиялық апат аймағы құқықтық режимінің қолданысы Қазақстан Республикасының Заңымен тоқтатылуы мүмкін."

15. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

25-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"25-бап. Осы Заңда көзделген жеңілдіктер мен өтемақыларды беру халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады."

16. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Орталық және жергілікті атқарушы органдар өз өкілеттіктері шегінде Республикалық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атаулар беру, оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту және жеке адамдардың есімдерін беру туралы шешім қабылдайды.";

2) 7-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органның жанынан Республикалық ономастика комиссиясы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жанынан тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары құрылады.";

3) 10-баптың 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол станцияларына, метрополитен станцияларына, автовокзалдарға, автостанцияларға, физикалық-географиялық және мемлекеттік меншіктің басқа да объектілеріне атау беру туралы шешім қабылдайды.";

4) 14-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеруді жергілікті атқарушы органдар ономастика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүргізеді."

17. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Көлік құралдарына меншік туралы

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына

сатылғандарды қоспағанда), кеме жүретін су жолдары, шамшырақтар, кемелердің қауіпсіз жүрісін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер, шлюздер, әуе қозғалысын басқару органдарының аэронавигациялық құрылғылары, әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты инженерлік желілер, сондай-ақ метрополитен мемлекет меншігі болып табылады және иеліктен шығаруға жатпайды.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының аэронавигациялық құрылғылары мемлекет меншігі болып табылады, ал Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда жеке меншікте болуы мүмкін.

Магистральдық теміржол желісі жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Мемлекет меншігіндегі магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына берумен Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Халықаралық маңыздағы мәртебесі бар теңіз порттары жекешелендіруге жатпайды және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның акцияларын төлеуге берілуі мүмкін.

Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілгендерді қоспағанда, кірме жолдар мен тар табанды желілер, сондай-ақ автомобиль жолдары мемлекет меншігінде де, жеке меншікте де болуы мүмкін."

18. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркеуші орган іске асыратын, коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу бойынша көрсетілетін қызметтердің бағалары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін ұйымдастыру мен үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органның шешімімен белгіленеді.";

2) 16-баптың оныншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келген: бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен тіркеуші органға жүгінбеген; мемлекеттік кіріс органдарында салық төлеушілер ретінде тіркелмеген кезде заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметі мәжбүрлі тәртіппен тоқтатылуға жатады.

Қызметті мәжбүрлі тәртіппен тоқтату заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі. Заңды тұлғаларды бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен алып тастау соттың заңды күшіне енген мәжбүрлеп тарату туралы шешімінің негізінде жүргізіледі."

19. "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Этникалық қазақтарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін, тізбесін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін сұранысқа ие кәсіптері бар шетелдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат берудің міндетті шарты мұндай рұқсатты алуға үміткер адамның Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен және мөлшерлерде өзінің төлем қабілеттілігін растауы болып табылады.";

2) 22-баптың екінші бөлігінің 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) егер ол, этникалық қазақтарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында болған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасында болу және одан кету үшін қажетті қаражатының бар екендігі туралы растауды ұсынбаса;"

20. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 51-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Зейнетақы активтерін, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерін және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатын қоспағанда, жеке және заңды тұлғаның банктегі ақшасы мен басқа да мүлкін тәркілеу соттың заңды күшіне енген шешімі (үкімі) негізінде ғана жүргізілуі мүмкін.";

2) 74-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Таратудың конкурстық массасын қалыптастыру кезінде оған үшінші тұлғаларға тиесілі және кастодиан-банкке сақтау мен есепке алу үшін сеніп тапсырылған бағалы қағаздар, сондай-ақ есепке алу мен сақтау үшін кастодиан-банкке сеніп тапсырылған

зейнетақы активтері, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері, инвестициялық қорлардың активтері, арнаулы қаржы компанияларының бөлінген активтері енгізілмейді. Кастодиан-банкке сақтау мен есепке алу үшін сеніп тапсырылған зейнетақы активтері, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражаты, инвестициялық қордың активтері, арнаулы қаржы компаниясының бөлінген активтері әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының, акционерлік инвестициялық қордың, арнаулы қаржы компаниясының немесе инвестициялық пай қорын басқарушы компанияның өтініші бойынша басқа банкке аударылады."

21. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" 1995 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 12-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;
- 2) 13-баптың алтыншы бөлігі алып тасталсын;
- 3) 19-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерінің, әскери қызметшісінің денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі қызметкерінің, әскери қызметшісінің қызметтік міндеттерін орындауға байланысты оның отбасы мүшелері мен жақын туыстарының денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залал кейіннен осы сома залал келтірген адамнан өндіріліп алына отырып бюджет қаражатынан толық көлемде өтеледі. Залалды өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі айқындайды."

22. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1-бап. Авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелері

Туындының сипатына немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және телевизияда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, туындыны автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, уәкілетті орган мәдениет, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау салаларындағы мүдделі уәкілетті органдармен келісу бойынша авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін белгілейді.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасу кезінде авторлық сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін уәкілетті орган белгілеген сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.";

2) 40-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"40-2-бап. Орындаушыларға және фонограмма шығарушыларға берілетін сыйақының ең төмен мөлшерлемелері

Орындауларды немесе фонограммаларды пайдалану сипатына (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және теледидарда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, автордың және фонограмма шығарушының келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, уәкілетті орган мәдениет, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау салаларындағы мүдделі уәкілетті органдармен келісу бойынша орындаушылар мен фонограмма шығарушыларға сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін белгілейді.

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасу кезінде фонограммаларды орындаушылар мен шығарушыларға сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін уәкілетті орган белгілеген сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.";

3) 47-1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) авторларға, орындаушыларға және фонограмма шығарушыларға уәкілетті орган белгілеген ең төмен сыйақы мөлшерлемелерінен төмен сыйақы мөлшерлемелері қолданылған жағдайларда кері қайтарып алуы мүмкін."

23. "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

13-баптың д) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д) тиісті әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру және әкімшілік қадағалау белгіленген адамның тұрған жері туралы ақпарат алу үшін электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқығы бар. Электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібін және ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайды."

24. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-1-баптың 3), 6-2) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 10-2-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 9-1) және 9-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекітеді;

9-2) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайға мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою тәртібін айқындайды,";

3) 71-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғынжайға немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайға мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қою тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

4) 80-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

5) 101-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қызметтік тұрғынжайларға теңестірілген тұрғынжайларды беру және оларды пайдалану тәртібін уәкілетті орган бекітеді.";

6) 110-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы азаматтарын еңбек қатынастарының сипатына байланысты өз міндеттерін орындауы кезеңінде, оның ішінде ротациялау тәртібімен лауазымға тағайындалған мемлекеттік қызметшілерді қоныстандыруға арналған қызметтік тұрғынжайды беру және оны пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды .";

2-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің пәрменді шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтарын және қандастарды қоныстандыруға арналған қызметтік тұрғынжайды беру және оларды пайдалану тәртібін уәкілетті орган айқындайды.".

25. "Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы " 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының басшылары, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметінің Парламенттегі өкілдері тұрақты комитеттердің кез келген ашық, сол сияқты жабық отырыстарына қатысуға құқылы және өз сөздерін тыңдатуға құқығы бар.".

26. "Жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 12-1), 23) және 24) тармақшалары алып тасталсын;

2) 7-1-бап мынадай мазмұндағы 8-2), 8-3) және 8-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-2) жұмылдыру органдары туралы үлгілік ережені бекітеді;

8-3) жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында Қазақстан Республикасының аумағындағы әскери-көліктік міндеттілік қағидаларын бекітеді;

8-4) экономика салаларынан Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, арнаулы мемлекеттік органдардың жұмылдыру қажеттіліктерін айқындау қағидаларын бекітеді;"

3) 8-1-баптың 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын.

27. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Республикалық терминология комиссиясы – уәкілетті органның жанындағы, экономиканың, ғылымның, техниканың және мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласындағы ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;"

2) 25-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті органның жанынан – Республикалық ономастика комиссиясы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жанынан тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары құрылады."

28. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

2) 13-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

29. "Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" 1998 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

22-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

30. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бап алып тасталсын;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 18-3) тармақшамен толықтырылсын:

"18-3) егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, аудит міндетті болып табылатын мемлекет қатысатын ұйымдарды айқындайды;"

31. "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың 1-1-тармағы алып тасталсын.

32. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Атыс қаруын қолданып аң аулау қағидаларын жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді. Спортпен шұғылдану кезінде және оқу мақсаттарында қаруды қолдану қағидаларын қарудың айналымын бақылау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекітеді."

33. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеу

Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік реттеуді аумақтық бөлімшелері, оның ішінде фитосанитариялық бақылау бекеттері бар ведомствосымен қоса алғанда уәкілетті орган жүзеге асырады.";

2) 6-1-баптың 1) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен өсімдіктер карантині саласындағы өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді;"

34. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Тамақтану, тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алу

Сезіктілер мен айыпталушылар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен айқындалатын нормалар бойынша денсаулығы мен күш-қуатын сақтау үшін жеткілікті тегін тамақпен қамтамасыз етіледі. Сезіктілер мен айыпталушыларға осы Заңның 24-бабының 4-тармағына сәйкес сақтауға және пайдалануға тыйым салынғандарын қоспағанда, қолма-қол ақшасыз есеп айырысып тамақ өнімдерін, ең қажетті заттарды, сондай-ақ басқа да өнеркәсіп тауарларын сатып алуға құқық беріледі.";

2) 29-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Күзетпен ұстау орындарында жүкті әйелдер және өзімен бірге балалары бар әйелдер үшін жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады,

мамандандырылған медициналық қамтамасыз ету ұйымдастырылады және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен айқындалатын тамақтандырудың және затпен қамтамасыз етудің көтеріңкі нормалары белгіленеді.";

3) 30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кәмелетке толмаған сезіктілер мен айыпталушыларға жақсартылған материалдық-тұрмыстық жағдай жасалады және Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен тамақтандырудың көтеріңкі нормалары белгіленеді."

35. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 3-тармағының 4) тармақшасындағы ", сондай-ақ террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын" деген сөздер алып тасталсын;

2) 7-баптың бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп, террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекітеді;"

3) 9-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актілері туралы ақпаратты мемлекеттік органдарға беру азаматтық борышты орындау болып бағаланады. Терроризм актісін болғызбауға немесе оның жолын кесуге көмектескен ақпарат үшін терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган сыйақы белгілейді және төлейді."

36. "Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-1-бап алып тасталсын;

2) 4-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) арақтарға және айрықша арақтарға, тауар шығарылған жердің атауы қорғалған арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына, коньяк пен брендиге ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілейді;

1-2) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторын айқындайды;"

37. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-2-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асырылуын қамтамасыз етеді.";

2) 4-3-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

38. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-1-баптың 2) тармақшасындағы "айқындау;" деген сөз "айқындау жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 6-2-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

39. "Қаржы лизингі туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

25-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Еуразиялық экономикалық одақтың және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тауарларды уақытша әкелудің және уақытша әкетудің кедендік рәсімі қолданылатын лизинг заттарының тізбесін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

40. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы" 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тұрғын үй құрылысы жинақтарына салымдар бойынша мемлекеттің сыйлықақыларын есептеу және төлеу қағидаларын тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті орган бекітеді."

41. "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Балалар ауылының пәтер үлгісіндегі тұрғын үй-жайлар, әкімшілік ғимараттар мен отбасылардың тұруына арналған құрылысжайлар, сондай-ақ үй іргесіндегі және қосалқы (үй) шаруашылық орналасқан оқшауланған аумағы болады, оның ең аз мөлшерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

2) 14-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) денсаулық жағдайына қарай бала тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді жүзеге асыра алмайтын адамдарды қоспағанда, тәрбиеші-ана бола алады. Адамның тәрбиелеуге бала қабылдап алуға болмайтын аурулар тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді."

42. "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына

:

1) 5-баптың 2), 4-1) және 15) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 1-3) тармақшамен толықтырылсын:

"1-3) тіркеушіні айқындау;"

43. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Осы баптың 4-тармағында көрсетілген талаптар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының басшыларына да қолданылады.

Егер тағайындау кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттарының басшылары саяси партиялардың филиалдары мен өкілдіктерінде лауазымдарды атқарып жүрген болса, олар тағайындалған күннен бастап он күн ішінде көрсетілген лауазымдарды босатуға тиіс.";

2) 26-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің отырыстарын дайындау және өткізу, сондай-ақ оның шешімдер қабылдау тәртібі әкімдіктің регламентінде айқындалады. Үлгілік регламентті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.";

3) 29-1-бапта:

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) аппарат басшысына жүктелген өзге де өкілеттіктерді, оның ішінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға жетекшілік етуді жүзеге асырады.";

4) 30-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктің отырыстарын дайындау және өткізу, сондай-ақ оның шешімдер қабылдау тәртібі әкімдіктің регламентінде айқындалады. Үлгілік регламентті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді.";

5) 39-3-баптың 6-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік тәртібін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді."

44. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

16-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган Даму Банкінің қаржылық тұрақтылығының параметрлерін (коэффициенттерін), олардың шекті мәндерін және есептеу әдістемесін айқындайды."

45. "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы" 2001 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

2) 11-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) туристік қызмет, туризм және туристік индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2) және 10-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) өткізілген конкурс негізінде Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындайды;

10-2) Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын, шығу туризмі саласындағы қызметті жүзеге асыратын туроператорлар мен туроператор-әуе кемесімен жалданушылар үшін банктік кепілдікпен қамтамасыз етуге жататын ақша сомасын, Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризм саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесінің әкімшісі үшін арнаулы ашылған банктік шотқа (бұдан әрі – арнаулы шот) аударылуға жататын ақша сомасын бекітеді;

10-3) шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларын бекітеді;"

3) 13-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Туризм жөніндегі кеңес уәкілетті орган жанындағы консультациялық-кеңесші орган ретінде құрылады.";

4) 17-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Туристік қызмет көрсету шартының елеулі талаптары уәкілетті орган бекіткен туристік қызмет көрсетуге арналған үлгілік шартта белгіленеді.";

5) 27-2-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы азаматтарының шығу туризмі саласындағы құқықтарына кепілдік беру жүйесі әкімшісінің қызметі осы Заңның 27-3-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген мөлшерде аударылуға жататын ақша сомасынан ұсталатын комиссиялық алым есебінен қаржыландырылады."

46. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысын регламенттеуді талап ететін жекелеген құрылыс объектілерін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

2) 19-баптың 1), 3-1), 3-2), 3-3), 11), 23) және 24) тармақшалары алып тасталсын;

3) 20-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сәулет, қала құрылысы, құрылыс, құрылыс индустриясының өндірістік базасын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 1-5) тармақшамен толықтырылсын:

"1-5) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы әлеуетін басымдықпен пайдалану туралы заңнамалық актілер талаптарының орындалуына бақылауды жүзеге асыру;"

4) 35-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік құрылыс инспекторлары аттестатталуға тиіс."

47. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-2-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының жетінші абзацындағы "оператордың арнаулы автокөлік құралдары" деген сөздер "оператордың" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған, тиісті ақылы автомобиль жолында (учаскесінде) күтіп-ұстауды және техникалық қызмет көрсетуді тікелей жүзеге асыратын концессионердің арнаулы автокөлік құралдары;"

2) 11-баптың 1) және 8-4) тармақшалары алып тасталсын;

3) 12-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы бірыңғай мемлекеттік және ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты үйлестіру және жүргізу;"

48. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру уәкілетті органға және өз құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдарға жүктеледі.";

2) 5-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Магистральдық теміржол желісі жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына беріле отырып, Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Мемлекет меншігіндегі магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына беріле отырып, Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Кірме жолдың жылжымалы құрамды бір жолдан екінші жолға ауыстыруға арналған құрылысжайлары, құрылғылары мен элементтері кірме жолдың бөлінбейтін бөлігі болып табылады.";

3) 14-бапта:

1-тармақтың 16) тармақшасы алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) багажды, жүкті және жүк-багажды тасымалдауды шектеу туралы, әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;"

49. "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Кәсіби және өзге де мерекелер

Кәсіби және өзге де мерекелер Қазақстан Республикасындағы мереке күндері болып табылады.

Кәсіби мерекелерді қоспағанда, мереке күндерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Кәсіби мерекелердің тізбесін еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді."

50. "Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы" 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 27-10) және 27-11) тармақшалары алып тасталсын;

2) 15-баптың 7-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі бірінші орынбасарының және орынбасарларының, Қазақстан

Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының және оның орынбасарларының қызметін халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын лауазымдарды атқаратын адамдарға;"

3) 29-баптың екінші бөлігі алып тасталсын.

51. "Бал ара шаруашылығы туралы" 2002 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

14-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бал ара шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды;"

52. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап алып тасталсын;

2) 6-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

53. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 1) тармақшасындағы "әзірлеу;" деген сөз "әзірлеу кіреді." деген сөздермен ауыстырылып, 8) және 19) тармақшалары алып тасталсын;

2) 8-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

;

3) 10-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 17-5), 17-6) және 17-7) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-5) мемлекеттік сатып алу, оның нәтижелері бойынша өнім берушілермен өнім беру шарттарын жасасу, сондай-ақ тапсырыс берушілерге ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды сақтау және тасымалдау (жеткізу) бойынша көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету, ұсыну;

17-6) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау үшін ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды оларды беру процесінде ішінара іріктеу;

17-7) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттар қорын қалыптастыру;"

1-1-тармақ мынадай мазмұндағы 32-4), 32-5) және 32-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"32-4) мемлекеттік сатып алу, оның нәтижелері бойынша өнім берушілермен өнім беру шарттарын жасасу, сондай-ақ тапсырыс берушілерге ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды сақтау және тасымалдау (жеткізу) бойынша көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету, ұсыну;

32-5) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігін анықтау үшін ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды оларды беру процесінде ішінара іріктеу;

32-6) ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттар қорын қалыптастыру;"

4) 32-баптың 1-1-тармағының 4-1), 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын.

54. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 2) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) азаматтардың денсаулығын қорғау, әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен бірлесіп, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау саласындағы әлеуметтік қызмет көрсету мен әлеуметтік қамсыздандыру стандарттарын айқындайды;"

55. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

12-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Азаматтардың саяси партия құру жөніндегі бастамашы тобының, саяси партия мүшелері тізімдерінің дұрыстығын осы Заңның 6-бабы 1-тармағының, 8-бабының, 10-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкестігіне тексеруді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайтын тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады."

56. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Баланың заңды өкілдері жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғынжайының сақталуын қамтамасыз етеді.

Баланың заңды өкілдері қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның келісімімен, жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғынжайын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітетін үлгілік шарт негізінде жалдауға (қосымша жалдауға) бере алады.

Тұрғын үйді жалдау (жалға алу) шарты бойынша алынған ақша жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың банктік шотына есепке жазылуға жатады.

Жетім балалардың, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тұрғынжайының сақталу қағидаларын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы бекітеді.";

2) 53-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруді Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады."

57. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бап алып тасталсын;

2) 5-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады,";

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады,";

3) 7-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Электрондық құжат айналымының тәртібін архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

58. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бапта:

2) тармақша алып тасталсын;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) тұқым шаруашылығы саласындағы, оның ішінде тұқымдардың экспорты және импорты мәселелері бойынша үкіметаралық келісімдерді жасасады,";

14) тармақша алып тасталсын;

2) 6-баптың 1-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады,".

59. "Темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 4-баптың 2) және 8) тармақшалары алып тасталсын;
- 2) 5-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) темекі өнімдерінің өндірілуі мен айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;" .

60. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

- 20-1-баптың 3-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) "жасыл" облигациялар арқылы қаржыландырылуға жататын, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен "жасыл" жобалардың сыныптамасына (таксономиясына) және (немесе) Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының " жасыл" облигациялар стандартын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, орнықты даму саласындағы халықаралық танылған стандарттарда көзделген сыныптамаларға сәйкес келетін өзге де жобалар."

61. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 13-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) автомобиль көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;" .

62. "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 18-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің ақпаратына қолжетімділік уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі."

63. "Жарнама туралы" 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 17-1-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;
- 2) 17-2-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишаларын орналастыру үшін арнайы бөлінген орындардың тізбесін бекітеді;" .

64. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 6-бапта:

- 9) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) шетелде Қазақстан Республикасының сауда өкілдіктерін ашуды жүзеге асырады;

10) сауда қызметі саласындағы үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды;" ;

- 11) тармақша алып тасталсын;

- 11-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11-2) Тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының бірыңғай операторын айқындайды;"

11-3) және 15) тармақшалар алып тасталсын;

2) 7-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) сауда қызметі саласында үшінші тараппен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады;"

3) 7-2-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы үйлестіруші органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша тауарларды таңбалауда қолданылатын бақылау (сәйкестендіру) белгісі, сәйкестендіру құралы құнының шекті мөлшерін айқындайды;"

4) 7-3-баптың 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

"3) тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануы саласындағы салалық уәкілетті мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен келісу бойынша олардың құзыреті шегінде тауарларды таңбалау мен олардың қадағалануының ақпараттық жүйесіне қойылатын талаптарды бекітеді;"

5) 10-баптың 2-8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-8. Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын, сауда базарының аумағын күтіп-ұстауға, жабдықталуына және жарактандырылуына қойылатын талаптарды сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітеді;"

6) 18-4-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, ұлттық қауіпсіздік мүдделері негізге алына отырып енгізілетін шараларды енгізу кезінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін уәкілетті орган айқындайды."

7) 22-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Үшінші тараптың Қазақстан Республикасынан шығатын тауарларға қатысты сауда шараларын және қауіпсіздік пайымдаулары бойынша шараларды қолдануы алдында тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін уәкілетті орган айқындайды."

8) 22-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қатысты өтеу шарасын қолданудың орындылығы туралы қорытынды дайындау мақсатында тергеп-тексеру жүргізудің шарттары мен тәртібін уәкілетті орган айқындайды."

9) 22-3-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті органның мемлекеттік органдармен және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы мемлекетке тиесілі

квазимемлекеттік сектор субъектілерімен Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға мүшелігіне байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасасу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

10) 26-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Шекара маңындағы сауданы жүзеге асыру тәртібі уәкілетті орган бекіткен ішкі сауда қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған, шектес мемлекеттермен жасалған халықаралық шарттарда айқындалған талаптарға сәйкес айқындалады.";

11) 31-баптың 7-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Сауда желісін немесе ірі сауда объектілерін ұйымдастыру арқылы тауарлар сату жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ішкі сауда субъектісі мен азық-түлік тауарларын беруші арасында азық-түлік тауарларын беру шартын жасасу кезінде ішкі сауда субъектісінің өнім берушіден азық-түлік тауарларының белгілі бір санын сатып алуына байланысты оған төленетін сыйақыны азық-түлік тауарының бағасына енгізу көзделуі мүмкін. Көрсетілген сыйақының мөлшері осы шарт тараптарының келісуіне жатады және сатып алынған азық-түлік тауарлары бағасының бес пайызынан аспайды. Сыйақының көрсетілген жиынтық мөлшерін есептеу кезінде қосылған құн салығының сомасы есепке алынбайды. Ішкі сауда субъектісінің уәкілетті орган бекітетін тізбеде көрсетілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жекелеген түрлерін сатып алуына байланысты осы тармақта көрсетілген сыйақыны төлеуге жол берілмейді.".

65. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің байланыс саласындағы құзыретіне:

1) байланыс саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

2) радиожилік спектрін бөліп беру, сондай-ақ радиожиліктерді және байланыс спутниктерінің орбиталық позицияларын тиімді пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру;

3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, қорғаныс, қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау органдарының қажеттіліктері үшін ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілерін, телекоммуникациялардың бірыңғай желісінің ресурстарын дайындау және пайдалану тәртібін бекіту жатады.";

2) 8-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) байланыс саласындағы ұлттық ресурстарды бөліп беруді және пайдалануды, сондай-ақ байланыс аясындағы техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету

саласындағы және стандарттау саласындағы өз құзыреті шегінде қатысуды қоса алғанда, байланыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;" ;
мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) субсидиялар мөлшерін есептеуді және уәкілетті органның байланыс операторларына әмбебап қызметтер көрсету жөніндегі міндетті жүктеу тәртібін қоса алғанда, әмбебап қызмет көрсету операторларын айқындау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларын, байланыс операторларына қойылатын әмбебап байланыс қызметтерін көрсету жөніндегі талаптардың және әмбебап байланыс қызметтерінің тізбесін бекіту;" ;

3) 9-бапта:

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі." ;

3-тармақтағы "әскери басқару орталық атқарушы органы" деген сөздер "Қорғаныс министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 15-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды жүзеге асыруға міндетті. Қызметтік ақпаратты сақтау Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Шетелдегі Қазақстан Республикасының абоненттеріне байланыс қызметтерін көрсету жағдайларын қоспағанда, қызметтік ақпарат пен біріктірілген деректерді Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге беруге тыйым салынады;" ;

5) 36-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшері мен тәртібін уәкілетті орган айқындайды."

66. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 1) тармақшасындағы "әзірлеу;" деген сөз "әзірлеу жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 3), 13), 14) және 29) тармақшалар алып тасталсын;

2) 9-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) ішкі су көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

1-2) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік жолаушылар қатынасына тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

1-3) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) багажды және жүкті әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;" .

67. "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Заң дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, тізбесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін ұйымдарға, олардың венчурлік қорлар құру жағдайларын қоспағанда, қолданылмайды."

68. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 3), 4), 5) және 12) тармақшалары алып тасталсын;

2) 9-баптың 1-тармағының 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;"

3) 15-баптың 3-тармағында:

бірінші абзац "жағдайларда" деген сөзден кейін "биологиялық негіздеме негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "селекциялау үшін жол беріледі." деген сөздер "селекциялау;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) ұлттық аңшылық түрлерін дамыту үшін жол беріледі."

69. "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2-11) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-12), 2-13), 7-1), 20-2) және 20-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-12) генерация-тұтынудың нақты сальдосы – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын өндіру мен тұтынудың (операциялық тәуліктердің бір сағаты үшін) нақты мәндерінің кВт. сағаттағы айырмасы;

2-13) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы – электр энергиясын өндіру-тұтынудың сағаттық тәуліктік кестесінде жүйелік оператор бекіткен, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын өндіру мен тұтыну (операциялық тәуліктердің бір сағаты үшін) мәндерінің кВт. сағаттағы айырмасы;"

"7-1) жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығы – жүйелік оператор мен электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері арасындағы жүйелік және қосалқы қызметтер көрсетуге байланысты өзара қатынастар жүйесі;"

"20-2) оң теңгерімсіздік – мәні нөлден үлкен (теріс емес) кВт. сағаттағы теңгерімсіздік;

20-3) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін іске асыру жүзеге асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00.00-де басталатын және сағат 24.00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;"

мынадай мазмұндағы 22-4) және 22-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"22-4) теңгерім провайдері – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өз теңгерімсіздіктерін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін олармен жасалған шарттарға сәйкес қаржылық реттегені үшін өзіне жауапкершілік алған, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы қалыптастыратын теңгерім провайдерлерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

22-5) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы – уәкілетті орган айқындаған, теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді орталықтандырылған сатып алу-сатуды осы Заңда көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыратын ұйым;"

23) және 23-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) теңгерімдеуші электр энергиясы – жүйелік оператордың электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген сағат сайынғы тәуліктік кестесін іске асыруы кезіндегі оң теңгерімсіздіктерді жабуға арналған электр энергиясы;

23-1) теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеуші электр энергиясын сатудың осы Заңда көзделген тәртіппен айқындалатын ең жоғары рұқсат етілген бағасы;"

мынадай мазмұндағы 23-2), 23-3), 23-4), 27-1), 27-2) 27-3), 32-1) және 32-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"23-2) теңгерімсіздік – генерация-тұтынудың жоспарлы және нақты сальдосының кВт. сағаттағы айырмасы;

23-3) теріс теңгерімсіздік – мәні нөлден кіші (теріс) кВт. сағаттағы теңгерімсіздік;

23-4) теріс теңгерімсіздіктерге арналған шекті тариф – теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері үшін осы Заңда көзделген тәртіппен айқындалатын ең жоғары рұқсат етілген бағасы;"

"27-1) ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызмет – электр энергиясын экспорттайтын және импорттайтын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне және электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдарына, осы ұйымдардың құрамына кіретін объектілер үшін ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдарға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен екіжақты шарттар жасасқан тұтынушыларға жүйелік оператор көрсететін қызмет;

27-2) ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілетін қызмет – Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын

беру саласына жататын, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісіне жүйелік оператор электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, шартты тұтынушыларды және тұлғалар тобының құрамына кіретін заңды тұлғаларды қоспағанда, олар осы Заңға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыру кезінде көрсететін, ұлттық электр желісіне техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалану әзірлігінде ұстап тұруды қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет;

27-3) шартты тұтынушы – өзімен бірге бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын көтерме тұтынушы, " Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалатын өнеркәсіптік кешен және басым тұтынушы;"

"32-1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы – уәкілетті орган айқындайтын, осы Заңда көзделген тәртіппен электр энергиясының жоспарлы көлемдерін орталықтандырылған сатып алуды және орталықтандырылған сатуды жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

32-2) электр энергиясын нетто-тұтынушы (бұдан әрі – нетто-тұтынушы) – меншік құқығында немесе өзге де заттай құқықпен өзіне тиесілі, тарату электр желісіне қосылған және желіден электр энергиясын тұтыну көлемін және оған беру көлемін бөлек есепке алу жүйелерімен жабдықталған, жаңартылатын энергия көздерінің аралас қондырғыларын қоса алғанда, жалпы белгіленген қуаты жүз киловатқа дейінгі жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісінен электр энергиясын толық немесе ішінара өзінің тұтынуын қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлға;"

33), 38) және 39) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"33) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;"

"38) электр энергиясының бөлшек сауда нарығы – жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің

тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілері арасындағы электрмен жабдықтау шарттары негізінде жұмыс істейтін өзара қатынастар жүйесі;

39) электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері – электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілмеген энергия беруші ұйымдар;"

мынадай мазмұндағы 39-1) тармақшамен толықтырылсын:

"39-1) электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығынан, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығынан, электр қуаты нарығынан және жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығынан тұратын, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасындағы қатынастар жүйесі;"

40) және 41) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"40) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесі;

41) электр энергиясының орталықтандырылған саудасы – осы Заңға сәйкес энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушы арасында, сондай-ақ бірыңғай сатып алушы мен электрондық сауда жүйесіндегі цифрлық майнерлер арасында жүзеге асырылатын электр энергиясын сатып алу-сату мәмілелері;"

44), 46), 50) және 52) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"44) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы – жүйелік оператордың Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеу нәтижесінде туындайтын және теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатуға байланысты электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері мен теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы арасындағы өзара қатынастар жүйесі;"

"46) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері – электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері;"

"50) энергия өндіруші ұйым – электр және (немесе) жылу энергиясының жеке тұтынушылары мен Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес электр энергиясының нетто-тұтынушылары болып табылатын осындай тұтынушыларды қоспағанда, электр және (немесе) жылу энергиясын өз қажеттіліктері және (немесе) өткізу үшін өндіруді жүзеге асыратын ұйым;"

"52) энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын босату бағасы – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген,

электр энергиясына арналған шекті тарифтен аспайтын электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобына енгізілген энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сату бағасы.";

2) 3-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұлттық басқарушы холдингке нәтижесінде ұлттық компанияның дауыс беретін акцияларының сексен бес пайыздан азы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болатын осы ұлттық компанияның акцияларын иеліктен шығаруға тыйым салынады.";

3) 4-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

4) 5-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

70-5) және 70-9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"70-5) электр энергиясына шекті тарифті және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту тәртібін айқындайды;"

"70-9) осы Заңның 15-4 және 15-6-баптарына сәйкес электр қуаты нарығында жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар бойынша іс-шараларды іске асыру шеңберінде тартылатын қарыздар бойынша сыйақылар шығындарын да қамтитын электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайданың нормасын, сондай-ақ теңгерімдеу үшін үстемеақыны айқындау әдістемесін бекітеді;"

70-16) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 70-45) және 70-46) тармақшалармен толықтырылсын:

"70-45) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығын айқындайды;

70-46) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны айқындайды;"

мынадай мазмұндағы 70-47) тармақшамен толықтырылсын:

"70-47) осы Заңның 15-3-бабы 3-1-тармағының 3) және 4) тармақшалары шеңберінде алынған қаражатты пайдалану туралы энергия өндіруші ұйымдардың есепті ақпаратын қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуы тұрғысынан қарайды және қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылмау фактісі анықталған жағдайда, энергия өндіруші ұйымдарға жіберілетін қаражаттың көлемін азайту туралы шешім қабылдайды.";

5) 9-4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-4-бап. Электр энергиясын цифрлық майнерлердің сатып алу тәртібі мен талаптары

1. Цифрлық майнерлер электр энергиясын орташа тәуліктік (базалық) қуаты 1 мегаваттан кем емес көлемде:

1) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және жүйелік оператор айқындайтын белгіленген квоталар шеңберінде электр энергиясын орталықтандырған сауда-саттықта бірыңғай сатып алушыдан;

2) генерациялайтын қондырғылары Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне қосылмаған, қосылудың жоқтығы фактісін жүйелік оператор растаған кезде энергия өндіруші ұйымдардан сатып алады. Бұл норма генерациялайтын қондырғылары 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне қосылған энергия өндіруші ұйымдарға қолданылмайды ;

3) жүйелік оператор айқындайтын Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің техникалық мүмкіндігі шеңберінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өндірілген электр энергиясын сатып алады.

2. Цифрлық майнерлердің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, жүктемені ажыратудың арнаулы автоматикасының, жүйелік операторда және энергия беруші ұйымда орнатылған жүйелермен өздерін біріздендіруді олардың желілеріне қосылған кезде қамтамасыз ететін телекоммуникация жүйелерінің болуы міндетті.";

б) 10-бапта:

1-тармақта:

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімсіздіктерін есептеу үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына деректерді береді;"

мынадай мазмұндағы б-1) тармақшамен толықтырылсын:

"б-1) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесін қалыптастырады;"

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жүйелік оператордың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын берушілерден сатып алу-сатуды мынадай жағдайларда:

1) технологиялық және өндірістік қажеттіліктерге;

2) басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясы ағымдарының шарттық шамаларын қамтамасыз ету үшін;

3) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысу үшін жүзеге асыруға құқығы бар.";

7) 10-3-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) осы Заңның 15-3-бабы 3-1-тармағының 1-2) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғамен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында белгіленген мерзімге электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт жасасады.";

8) 12-бапта:

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын сағаттық мөлшерлемелерді ескере отырып, электр энергиясына арналған тиісті шекті тарифтен аспайтын баға бойынша электр энергиясын өткізуді жүзеге асыруға;"

мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) осы Заңның 15-3-бабы 3-1-тармағының 3) және 4) тармақшалары шеңберінде алынған қаражатты уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұруға жіберуге;

4-2) жыл сайын 31 наурыздан кешіктірмей электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органға осы Заңның 15-3-бабы 3-1-тармағының 3) және 4) тармақшалары шеңберінде алынған қаражатты электр қуатының әзірлігін ұстап тұруға пайдаланылғаны туралы растайтын материалдары бар есепті ақпарат беруге;"

4-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"8. Жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізу үшін тиісті заңды тұлға:

1) жүйелік оператормен ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға;

2) жүйелік оператормен ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасуға (қажет болған кезде);

3) энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасуға (қажет болған кезде);

4) жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасуға;

5) жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтынуды техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарт жасасуға (генерациялайтын қондырғылар болған, сондай-ақ импортты жүзеге асырған жағдайда) міндетті.

9. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын коммерциялық есепке алудың тиісті аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес есепті кезеңде (күнтізбелік айда) өздері нақты тұтынған электр энергиясы көлемдерінің негізінде энергия беруші ұйымдардың электр энергиясын беру бойынша көрсететін

қызметтеріне, ұлттық электр желісін пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтерге және ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге тиісті шарттарда көрсетілген тарифтер бойынша ақы төлеуге міндетті.";

9) 12-1-баптың тақырыбы және 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1-бап. Электр энергиясына шекті тарифтерді, теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифті, теріс теңгерімсіздікке шекті тарифті, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифтерді айқындау тәртібі";

"2. Энергия өндіруші ұйым уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген электр энергиясына шекті тарифтен аспайтын электр энергиясын өткізеді.

Электр энергиясына шекті тариф электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың топтары бойынша жылдарға бөліне отырып, әрбір жеті жыл сайын бекітіледі және қажет болған кезде түзетіліп отырады.

Электр энергиясына шекті тарифті айқындау үшін оның қолданысының алғашқы жеті жылына электр энергиясына шекті тариф енгізілетін жылдың алдындағы жыл ішінде электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобында қалыптасқан электр энергиясын өндіруге жұмсалатын ең жоғары шығындар пайдаланылады.

Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалатын сағаттық мөлшерлемелер ескеріле отырып, уәкілетті орган бекіткен әдістеме бойынша айқындалатын теңгерімдеу үшін үстемеақыға ұлғайтылған Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясына ең жоғары шекті тариф ретінде айқындалады.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері үшін рұқсат етілген, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасын білдіретін теріс теңгерімсіздіктерге шекті тариф Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясына ең төмен шекті тариф ретінде айқындалады.

Электр энергиясына шекті тарифті түзету электр энергиясын өндіру үшін отын ретінде пайдаланылатын көмірге, газға, құрамында күкірт бар шикізатқа, мұнай өнімдеріне, электр энергиясын өндіру процесінде технологиялық қажеттіліктер үшін пайдаланылатын суға баға құнының және (немесе) көмірді, газды, құрамында күкірт бар шикізатты, мұнай өнімдерін тасымалдауға арналған, мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруіне байланысты энергия өндіруші ұйымның уәкілетті органға өтініш жасауы негізінде жылына бір реттен асырылмай жүргізіледі.

Егер энергия өндіруші ұйым жоғарыда аталған шығындарға байланысты залал шеккен болса, уәкілетті орган электр энергиясына шекті тарифтерді түзету кезінде алты айдан аспайтын кезеңдегі шеккен шығындарды ескереді.

Жаңадан пайдалануға берілетін энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тариф алдағы жылдың электр энергиясын өндіруге арналған болжамды шығындар негізінде айқындалады және жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар үшін бекітілген электр энергиясына шекті тарифтердің қолданылу мерзіміне бекітіледі.

Осы Заңның 12-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген есептің қорытындылары бойынша уәкілетті орган жаңадан пайдалануға берілетін энергия өндіруші ұйым үшін электр энергиясына шекті тарифтің деңгейін қайта қарайды.";

10) 13-бапта:

3 және 3-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар өз тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) нетто-тұтынушылардан электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

3-1. Энергия өндіруші ұйымдар өндірілетін электр энергиясының барлық көлемін осы Заңға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға және (немесе) өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға сатуды жүзеге асыруға міндетті.

Өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын тұлғалар тобынан тыс сатуды электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте электр энергиясын одан әрі сатусыз өз қажеттіліктері үшін сатып алатын заңды тұлға тұтынушы болып танылады.

Бұл ретте осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарына сәйкес энергия өндіруші ұйым өткізуге мәлімдемеген электр энергиясының көлемі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында сатуға жатпайды.";

3-2-тармақтың 1), 1-2) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бірыңғай сатып алушы мен осы энергия өндіруші ұйыммен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларды қоспағанда, электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне, сондай-ақ электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын өткізуге (сатуға);

1-2) осы Заңның 9-4-бабының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, электр энергиясын цифрлық майнерлерге өткізуге (сатуға);

2) басқа энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын алуға (сатып алуға);";

3-5-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді электр энергиясының экспорты мен импортын жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, электр энергиясының мемлекетаралық транзитінің көлемі үшін басқа мемлекеттердің ұйымдары, ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді жүзеге асыратын тұлғалар тобына кіретін ұйымдардың құрамына

кіретін объектілер үшін осы ұйымдар және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тыс электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыратын көтерме сауда нарығының субъектілері төлейді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы баптың 9 және 10-тармақтарының талаптары:

1) шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен бірге авариялық өзара көмек көрсету және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысу үшін электр энергиясы ағымдарының шарттық шамаларын қамтамасыз ету үшін жүйелік оператордың электр энергиясын сатып алуы-сатуы;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығы шеңберінде және үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясын қабылдауды (жеткізуді) қамтамасыз ету жағдайларына қолданылмайды.";

11) 15-бапта:

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығы

1. Электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығы:

1) жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатуға байланысты электр энергиясының көтерме сауда нарығынан;

2) жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясының нақты және жоспарлы көлемдері арасында операциялық тәулікте туындайтын сағаттық теңгерімсіздіктерді физикалық және кейіннен қаржылық реттеу мақсатында жұмыс істейтін нақты уақыт режиміндегі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығынан;

3) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы көрсетілетін қызметтерді сатып алуы негізінде де, жүйелік оператордың Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі жұмысының ұлттық стандарттарда белгіленген сенімділігін және электр энергиясының сапасын қамтамасыз ету үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне жүйелік қызметтер көрсетуі негізінде де жұмыс істейтін жүйелік және қосалқы көрсетілетін қызметтер нарығынан;

4) электр қуаты нарығынан тұрады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) сауда-саттыққа қатысушылар, энергия өндіруші ұйымдар мен бірыңғай сатып алушының берген өтінімдері (беру күні мен уақыты, бағасы, көлемі) туралы ақпаратты және сауда-саттық нәтижелерін (мәмілені жасасу күні мен уақыты, бағасы, көлемі, құны, мәміле тараптары) қамтитын электр энергиясы мен қуаты сауда-саттығының қорытындыларына ашық қолжетімділікті қамтамасыз етеді;"

12) 15-3-бапта:

3-1-тармақ мынадай мазмұндағы 1-2) тармақшамен толықтырылсын:

"1-2) қуаттылығы 35 МВт-тан асатын, су шаруашылығы құрылыстары ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесіне енгізілген, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін, судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар салуды 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін жүзеге асыруды жоспарлап отырған заңды тұлғалармен жүзеге асырады. Бұл ретте судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын жаңадан пайдалануға берілетін энергия өндіруші ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тариф, осы ұйымның электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу көлемі мен мерзімі мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған техникалық-экономикалық негіздемелер негізінде, кемінде жеті жыл өтеу мерзіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен қабылданады.

Электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатуға арналған шарттың қолданылуы нақты өтеу мерзімі ерте болған кезде мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Осы энергия өндіруші ұйым бүкіл өндірілетін электр энергиясын уәкілетті орган мөлшерлемелерді ескере отырып белгілейтін шекті тариф бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана береді.

Бұл ретте шекті тарифте осы тармақшаға сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатуға бірыңғай сатып алушымен жасалған шарттың қолданылу кезеңіндегі амортизация мен пайда есепке алынбайды,";

мынадай мазмұндағы 3-3-тармақпен толықтырылсын:

"3-3. Судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын генерациялайтын қондырғылардың құрылысын жүзеге асырған заңды тұлға осы Заңның 5-бабының 70-17) тармақшасына сәйкес айқындалатын тәртіппен электр қуатын реттеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартты жыл сайын жасасуға міндетті.

Судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын жаңадан пайдалануға берілетін генерациялаушы қондырғылардың шарттық электр қуатын жүйелік оператор олар пайдалануға берілген күннен бастап жыл сайын аттестаттауға тиіс.

Егер электр қуатын кезекті аттестаттауды жүргізу нәтижесінде судың гидродинамикалық энергиясын пайдаланатын жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың аттестатталған электр қуатының мәні – электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартта белгіленген электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемінен аз болса, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша нақты көрсетілген қызметтерді есептеу кезінде қабылданатын электр қуатының әзірлігін

ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің көлемі кезекті аттестаттау өткізілгенге дейін аттестатталған мәнге дейін төмендетіледі.";

8-тармақтың сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шартта есепті жылға белгіленген жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің көлемін өзгерту уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.";

13) мынадай мазмұндағы 15-10-баппен толықтырылсын:

"15-10-бап. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы

1. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеуді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі теңгерімсіздіктерді реттеуге электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің қатысуын ынталандыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі теңгерімсіздіктер үшін төлемді атаулы бөлуді қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

2. Теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату уәкілетті орган бекіткен үлгілік нысан бойынша жасалатын теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шарты шеңберінде жүзеге асырылады.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шарттарын, сондай-ақ қосылу шартын жасасуға міндетті.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімсіздігін нақты реттеу нәтижелері бойынша теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүзеге асыратын теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдері мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімсіздігін есептеу және қосылу шарты шеңберінде оларға жүргізілетін өзара есепке алу негізінде теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату бойынша электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы өзара қаржылық міндеттемелерді көтереді.

Теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерін сатып алу-сату көлемі әрбір теңгерімдеу аймағы үшін жеке есептеледі.

Теңгерімдеу аймақтары уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін жауапкершілікті

теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен жасалған теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартына бір мезгілде тиісті өзгерістер енгізе отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалатын жауапкершілікті беру шарты бойынша бір теңгерімдеу аймағы шеңберінде теңгерім провайдеріне беруге құқылы.

Теңгерім провайдерінің қызметіне қойылатын талаптар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

Теңгерім провайдерінің теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату көлемі жиынтығында теңгерім провайдері бойынша және өз теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері бойынша теңгерімдеу аймағында есептеледі.

3. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын өткізуді (сатуды) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына ғана жүзеге асырады.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан ғана сатып алуды жүзеге асырады.

Жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешені бар электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші электр энергиясын сату (теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу) үшін жүйелік операторға уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер береді.

Көтеріп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерде көрсетілетін бағалар теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтен аспауға тиіс.

Төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерде көрсетілетін бағалар теріс теңгерімсіздіктерге шекті тарифтен аспауға тиіс және теріс не нөлге тең бола алмайды.

Көтеріп (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерде көрсетілетін көтеріп (төмендетіп) теңгерімдеу көлемін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері дербес, бірақ электр қуаты нарығының талаптары ескеріле отырып, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін осы субъектілерге сәйкес келетін төмендетіп (көтеріп) теңгерімдеудің ең аз көлемінен төмен емес етіп айқындайды.

Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф пен теріс теңгерімсіздіктерге шекті тариф бекітуге жатпайды және оны осы Заңда айқындалған тәртіппен теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы айқындайды.

4. Көтеріп (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді іріктеу және іске қосу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға қойылған және өткізілген электр энергиясының айырмасынан асатын көлемде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында энергия өндіруші ұйымдардың өтінімдерін қабылдауға және іске қосуға тыйым салынады.

5. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясын әрбір теңгерімдеу аймағы үшін бөлек сатып алады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы тиісті теңгерімдеу аймағы үшін операциялық тәуліктің тиісті сағатында сатып алатын теңгерімдеуші электр энергиясының көлемі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясын :

1) көтеріп теңгерімдеуге қатысуға арналған тиісті іске қосылған өтінімдерде (теңгерімдеудің тиісті аймағында) көрсетілген бағалар бойынша, осы өтінімдердің нақты орындалуын ескере отырып, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында сатып алуды;

2) жүйелік оператордың басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимылы шеңберінде тиісті шарттарда көрсетілген бағалар мен талаптар бойынша (бұл ретте теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алумен бір мезгілде теріс теңгерімсіздіктерді сатуға да жол беріледі) жүйелік оператордан сатып алуды жүзеге асырады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жоғарыда көрсетілген көлемдер мен бағалар негізінде, теңгерімдеудің тиісті аймағы үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырған сағаттарда теңгерімдеу аймағы шегінде оң теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілеріне теңгерімдеуші электр энергиясын сатудың сағаттық орташа өлшемді бағаларын есептейді. Сағаттық орташа өлшемді бағаларда теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және энергия беруші ұйымдардан, жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеу жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдардан, Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан түскен теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының тиісті кірістері мен шығындары, сондай-ақ теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының басқа субъектілерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуға жұмсаған шығындары да ескеріледі.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырған сағаттарда оң теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы есептеген

теңгерімдеуші электр энергиясын сатудың тиісті сағаттық орташа өлшемді бағалары бойынша өздері жол берген сағаттық оң теңгерімсіздіктер көлемінде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға міндетті.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырған сағаттарда теріс теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері осы теріс теңгерімсіздіктерді теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы тармақта көрсетілген теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырған тиісті сағаттық орташа өлшемді бағалар бойынша теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатуға міндетті (осы баптың 7-тармағында көрсетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерін қоспағанда).

Осы тармақта көрсетілген бағаларды есептеуді теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

6. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеудің әрбір аймағының теріс теңгерімсіздіктерін жеке-жеке сатады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы операциялық тәуліктердің тиісті сағатында сататын тиісті теңгерімдеу аймағының теріс теңгерімсіздіктерінің көлемі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теріс теңгерімсіздіктерді:

1) төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған тиісті іске қосылған өтінімдерде (теңгерімдеудің тиісті аймағында) көрсетілген бағалар бойынша, осы өтінімдердің нақты орындалуын ескере отырып, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында сатуды;

2) жүйелік оператордың басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимылы шеңберінде тиісті шарттарда көрсетілген бағалар мен талаптар бойынша (бұл ретте теріс теңгерімсіздіктерді сатумен бір мезгілде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға да жол беріледі) жүйелі операторға сатуды жүзеге асырады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жоғарыда көрсетілген көлемдер мен бағалар негізінде тиісті теңгерімдеу аймағы үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теріс теңгерімсіздіктерді сатуды жүзеге асырған сағаттарда осы теңгерімдеу аймағында теріс теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың сағаттық орташа өлшемді бағаларын есептейді. Теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың сағаттық орташа өлшемді бағаларында теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түскен және энергия беруші ұйымдардан, жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеу жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдардан, Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуға арналған теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының тиісті кірістері мен

шығындары, сондай-ақ теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының басқа субъектілеріне теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан түсетін кірістері де ескеріледі.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теріс теңгерімсіздіктерді сатуды жүзеге асырған сағаттарда теріс теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы есептеген теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың сағаттық орташа өлшемді бағалары бойынша өздері жол берген сағаттық теріс теңгерімсіздіктерді теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатуға міндетті.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теріс теңгерімсіздіктерді сатуды жүзеге асырған сағаттарда оң теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы тармақта көрсетілген теріс теңгерімсіздіктерді сатуды жүзеге асырған тиісті сағаттық орташа өлшемді бағалар бойынша өздері жол берген сағаттық оң теңгерімсіздіктер көлемінде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға міндетті (осы баптың 7-тармағында көрсетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерін қоспағанда)

Осы тармақта көрсетілген бағаларды есептеуді теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

7. Жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеу жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеу жүйесінің әсерінен туындаған өздерінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін теңгерімдеуші электр энергиясының шекті тарифі бойынша теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатады.

Жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеу жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар жиілік пен қуатты автоматты түрде реттеу жүйесінің әсерінен туындаған өздерінің барлық оң теңгерімсіздіктерін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеуші электр энергиясын нөлдік бағамен тиісті көлемде сатып алу арқылы жабады.

Энергия беруші ұйымдар өздерінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы бойынша сатады.

Энергия беруші ұйымдар өздерінің барлық оң теңгерімсіздіктерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы бойынша тиісті көлемде теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу арқылы жабады.

8. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі мен теңгерім провайдерінің теңгерімсіздіктері әрбір теңгерімдеу аймағы бойынша жеке есептеледі (айқындалады).

9. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерінен теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатуға жасалған шарттар шеңберінде сатып алған теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді төлеуді теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы ай сайын, бірақ сатып алу айы аяқталғаннан кейін қырық бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатуға жасалған шарттар шеңберінде сатып алған теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді төлеуді осы субъектілер ай сайын, бірақ сатып алу айы аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

10. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы өзара есеп айырысулар жүйелік оператордың деректерін негізге ала отырып, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүзеге асыратын теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің сағаттық теңгерімсіздіктерінің есептері негізінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарттар жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері, егер олардың есепті кезеңдегі теріс теңгерімсіздіктерді сатудан түскен жиынтық кірісі есепті кезеңде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға кеткен жиынтық шығындарынан асып кетсе, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында төлемдер алмайды.

11. Электр энергиясының коммерциялық экспорты шарты (бұдан әрі – экспорт шарты) шеңберінде басқа мемлекеттің ұйымына (тұтынушысына) электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі Қазақстан Республикасының аумағындағы өзінің теңгерімсіздіктері үшін жауаптылықтан басқа, уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес, экспорт шартында көрсетілген Қазақстан Республикасынан электр энергиясын экспорттау көлемдерінен осы субъектінің электр энергиясын босатуындағы ауытқулармен байланысты Орталық Азия мемлекетінің энергия жүйесімен теңгерімдеу аймағының шекарасындағы электр энергиясының сальдо-ағымдарының ауытқулары үшін де жауапты болады.

Электр энергиясының коммерциялық импорты шарты (бұдан әрі – импорт шарты) шеңберінде басқа мемлекеттің ұйымынан (өндірушісінен) электр энергиясын

қабылдауды жүзеге асыратын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі Қазақстан Республикасының аумағындағы өзінің теңгерімсіздіктері үшін жауаптылықтан басқа, уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес, импорт шартында көрсетілген Қазақстан Республикасына электр энергиясын импорттау көлемдерінен осы субъектінің электр энергиясын қабылдауындағы ауытқулармен байланысты Орталық Азия мемлекетінің энергия жүйесімен теңгерімдеу аймағының шекарасындағы электр энергиясының сальдо-ағымдарының ауытқулары үшін де жауапты болады.

12. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы нақты уақыт режимінде жұмыс істеген кезде бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт (шарттар) жасасқан энергия өндіруші ұйымдар және Тізілімге енгізілген әрі тиісті тұлғалар тобы шеңберінде тұтынушылармен электр қуатын қамтамасыз ету бойынша екіжақты шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдар жүйелік операторға күн сайын уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес алдағы жоспарлау тәуліктерінің әрбір сағатына жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер беруге және жүйелік оператор оларды іске қосқан жағдайда осы өтінімдерді орындауға міндетті.

13. Уәкілетті орган айқындайтын теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерімен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шарттарын жасасады;

2) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатуды жүзеге асырады;

3) уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикасы жүйесін теңгерімдеудің әрбір аймағы шеңберінде теңгерімдеуші электр энергиясын сатуға және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуға сағаттық орташа өлшемді бағаларды есептеуді жүзеге асырады;

4) операциялық сағаттың қорытындылары бойынша теңгерімдеуші нарықта аукцион бағалары туралы ақпараттың қолжетімділігін үздіксіз қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімдеуші электр энергиясы мен теңгерімсіздіктерінің сағаттық көлемдерін есептеуді жүзеге асырады;

6) теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифті және теріс теңгерімсіздіктерге шекті тарифті айқындайды;

7) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен теңгерім провайдерлерінің тізбесін қалыптастырады;

8) уәкілетті орган айқындаған жағдайларда және тәртіппен энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беруге арналған шарттарды жасасады және электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлейді;

9) уәкілетті орган бекіткен үлгілік нысан бойынша теңгерімдеуші нарықтың барлық субъектілерімен қосылу шартын жасасады;

10) қосылу шарты шеңберінде теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші нарықтағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу (сату) жөніндегі міндеттемелер бойынша өзара есепке жатқызуларды жүзеге асырады;

11) осы Заңда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

14. Егер уәкілетті орган растаған энергия беруші ұйымның желілеріндегі авариялар себебінен оларға тікелей қосылған электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілерінде теріс теңгерімсіздіктер туындаса, онда осы энергия беруші ұйым осы авария кезінде туындаған осы субъектілердің электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығындардың және осы субъектілердің көрсетілген теріс теңгерімсіздіктерді сатудан түскен кірістерінің оң айырмасының орнын толтырады.

15. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты бар, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар (бұдан әрі – жаңартылатын көздер) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жауапкершілікті беру шартын жасасуға міндетті.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өздерінің меншікті теңгерімсіздіктері болмайды және теңгерімдеуші электр энергиясын және жаңартылатын көздердің теріс теңгерімсіздіктерін сатып алу-сату үшін жауапкершілікті өзіне ала отырып, осы нарыққа теңгерім провайдері ретінде ғана қатысады.

16. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған жауапкершілікті беру шарты шеңберінде жаңартылатын көздер:

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен жасалған қолданыстағы электр энергиясын сатып алу-сату шартында көрсетілген, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін арттыру коэффициентіне көбейтілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша тиісті көлемде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу арқылы өзінің барлық оң теңгерімсіздіктерін жабады;

2) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен жасалған қолданыстағы энергиясын сатып алу-сату шартында көрсетілген, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін төмендету коэффициентіне көбейтілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға өзінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін сатады.

Осы тармақта көрсетілген арттыру коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда оң теңгерімсіздік мәні жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды.

Осы тармақта көрсетілген төмендету коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда теріс теңгерімсіздік мәнінің модулі жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды.

Осы тармақта көрсетілген жол берілетін ауытқулардың мәндері уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалады.";

14) 17-баптың тақырыбы, 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Электр энергиясы мен қуат нарығындағы шарттар

1. Электр энергиясын сатып алу-сату, теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату, теңгерімдеуші нарықта өзара есепке жатқызулар, электр энергиясын беру, оның ішінде ұлттық электр желісі арқылы беру бойынша, ұлттық электр желісін пайдалану, техникалық диспетчерлеу, электр қуатын реттеу, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру, электр энергиясының орталықтандырылған саудасына қатысу, электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысу бойынша қызметтер көрсету Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылады.";

"3. Электр энергиясын сатып алу-сату, теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шарттары, қосылу шарты, электр энергиясын беру, оның ішінде ұлттық электр желісі арқылы беру бойынша, ұлттық электр желісін пайдалану, техникалық диспетчерлеу, электр қуатын реттеу, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шарттар, орталықтандырылған сауда нарығына қатысу шарттары шарттар бойынша уақтылы ақы төленбеген жағдайда тиісті қызметтер көрсетуді тоқтатудың шарттары мен тәртібін қамтуға тиіс.";

15) мынадай мазмұндағы 19-1-баппен толықтырылсын:

"19-1-бап. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының кезінде электр энергиясының көтерме сауда нарығының жұмыс істеуі

1. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны уәкілетті орган айқындайды.

2. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осы Заңның 25-бабының қолданылуын ескере отырып, осы баптың күшіне енгізілуімен бір мезгілде жұмыс істеуін бастайды.

3. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдардан:

электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға, тұтынушыларға, сондай-ақ шартты тұтынушыларға сату үшін;

цифрлық майнерлерге сату үшін бір сағат және (немесе) тәулік және (немесе) ай және (немесе) тоқсан және (немесе) жыл (жылдар) бұрын сатып алады;

2) электр энергиясын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, электр энергиясын тұтынушыларға, шартты тұтынушыларға, сондай-ақ электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға электр энергиясына шекті тарифтерден жоғары тарифпен уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сатады;

3) жауапкершілікті беру шарттары шеңберінде жаңартылатын энергия көздерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алады;

4) жауапкершілікті беру шарты шеңберінде жаңартылатын көздерге теңгерімдеуші электр энергиясын сатады;

5) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шарты бар жаңартылатын көздермен жауапкершілікті беру шартын жасасады және осы Заңға сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында олардың теңгерім провайдері болады;

б) электр энергиясын тиісті сатып алу-сату шарттарын жасасады;

7) электр энергиясының орталықтандырылған саудасына қатысу шартын жасасады;

8) басқа елдердің электр энергиясын жеткізушілерінен (өндірушілерінен) электр энергиясын сатып алуды (импорттауды) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және осы жеткізушілердің (өндірушілердің) бағалары бойынша жүзеге асырады (қажет болған кезде);

9) электр энергиясын басқа елдердің тұтынушыларына сатуды (экспорттауды) уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады (қажет болған кезде);

10) тарифтерді кезең-кезеңімен өзгертуді жүзеге асыру мүмкіндігі мақсатында тарифтерді саралау арқылы көтерме сауда нарығының тұтынушылары үшін атаулы қолдау көрсетуді уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырады;

11) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын жасасады;

12) уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағаларды айқындайды;

13) энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын беруге арналған шарттар жасасады (қажет болған кезде) және уәкілетті орган айқындаған жағдайларда және тәртіппен электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлейді;

14) жүйелік оператормен импортталатын электр энергиясын желіге жіберуді техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған шартты жасасады (қажет болған кезде).

4. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін электр энергиясын сатып алуды жүйелік оператордың техникалық сараптамасын ескере отырып мынадай тәртіппен (басымдық тәртібімен):

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шарты бар жаңартылатын көздерден, Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамасына сәйкес, электр энергиясын осы шарттардың бағаларымен олардың жоспардағы желіге жіберуінің толық көлемінде;

2) электр энергиясы тұлғалардың тиісті тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдардан уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген электр энергиясына тиісті шекті тарифтер бойынша электр энергиясын олардың жоспардағы желіге жіберуінің толық көлемінде;

3) электр қуаты нарығында осы Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдардан қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар желісіне көрсетілген шарттардың қолданылуы ішінде уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлемелерге көбейтілген электр энергиясына тиісті шекті тарифтер бойынша электр энергиясын жоспардағы жіберу көлемінде жүзеге асырады;

4) электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін қажетті қалған электр энергиясының желіге жіберілетін жоспарлы көлемдерін бірыңғай сатып алушы электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында сатып алады.

Осы тармақта көрсетілген электр энергиясының жоспарлы көлемдері электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесін жабу үшін жеткіліксіз болған жағдайда бірыңғай сатып алушы электр энергиясының жоспарлы импортын жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген электр энергиясын сатып алу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жұмыс істеуі кезінде:

1) барлық энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға және олармен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға

ғана сатуды жүзеге асыруға және олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасуға міндетті.

Бұл ретте жүйелік операторға қуатты автоматты түрде реттеу бойынша қызметтер көрсететін энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатудан шарттық көлемнің (реттеу диапазонының) шамасына босатылады;

2) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шарты бар барлық жаңартылатын көздер электр энергиясын Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана сатуды жүзеге асыруға міндетті;

3) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан және (немесе) олармен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан және (немесе) жаңартылатын көздерден ғана сатып алуды жүзеге асыруға және олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасуға міндетті;

4) цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуды жүзеге асыруға міндетті;

5) электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілеріне бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатуға тыйым салынады;

6) электр энергиясының мемлекетаралық транзитін жүзеге асыратын басқа мемлекеттердің ұйымдарын қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, энергия беруші ұйымдар және тұтынушылар жүйелік оператормен ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жүйелік оператормен ұлттық электр желісін пайдалану бойынша қызмет көрсетуге арналған шарттары жоқ, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші ұйымдарға және тұтынушыларға электр энергиясын өткізуге (сатуға) тыйым салынады;

7) шартты тұтынушылар мен басым тұтынушылар, республиканың жоспарлы тұтынушының жалпы көлеміндегі олардың электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесін, олардың құрамына кіретін жаңартылатын көздер өндірген электр энергиясының көлемін, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын жаңартылатын көздерден олар сатып алатын электр энергиясының көлемін және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын көздерден электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарын ескере отырып, электр энергиясын

бірыңғай сатып алушы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептейтін баға бойынша және көлемде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға, сондай-ақ электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасуға міндетті;

8) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты бар жаңартылатын көздер үшін Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен электр энергиясын өндіру-тұтынудың көрсетілген тәуліктік кестесінде сақталған кезде, электр энергиясын нақты өндіру-тұтынудың тиісті сағаты басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірмей жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін ұлғайтып (жоғары) қана түзетуге жол беріледі;

9) осы тармақта көрсетілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алуы мен сатуы, сондай-ақ тиісті өзара есеп айырысулар уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады;

10) электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алу және сату бағалары уәкілетті орган айқындаған тәртіппен айқындалады;

11) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындары мен кірістері электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілеріне электр энергиясын сату бағасын айқындау кезінде ескеріледі;

12) жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын сатып алу-сатудың жоспарлы көлемі электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жасасқан барлық электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатып алынған (сатылған) электр энергиясының көлемі болып табылады;

13) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға өздері сатып алған электр энергиясына уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде ақы төлеуге міндетті;

14) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы энергия өндіруші ұйымдарға және жаңартылатын көздерге олардан сатып алынған электр энергиясына уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде ақы төлеуге міндетті;

15) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері (электр энергиясын кепілдікпен берушілерден басқа) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясына ақы төлеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне сәйкес операциялық тәулік басталғанға дейін ақша қаражатын аудару арқылы жүзеге асырылады;

16) электр энергиясын кепілдікпен берушілер электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алынған электр энергиясына ақы төлеуді уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес факт бойынша жүзеге асырады;

17) аударуға жататын ақша қаражатының сомасы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне сәйкес есептеледі.

6. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне сәйкес операциялық тәулік басталғанға дейін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алынған электр энергиясы үшін ақы төлемеген жағдайда, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне өтінімі келесі тәуліктерге жіберілмейді (алып тасталады).

7. Энергия өндіруші ұйымдардан сатып алынған электр энергиясы үшін ақшалай қаражат сомасын төлеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін бекіткеннен кейін жүргізіледі.

8. Шотты ашуға, жүргізуге және оған қызмет көрсетуге байланысты шығындар электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісіне жүктеледі.

9. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының энергия өндіруші ұйымдардан, оның ішінде жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын ұйымдардан электр энергиясын сатып алуына, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуына байланысты құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы қолданылмайды.

Осы баптың күші, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері Еуразиялық экономикалық одақтың жалпы электр энергетикалық нарығына қатысқан жағдайда, оларға қолданылмайды.";

16) 25-бапта:

мынадай мазмұндағы 10, 11 және 12-тармақтармен толықтырылсын:

"10. Уәкілетті орган жүйелік оператормен бірлесіп, 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын нақты уақыт режимінде іске қосуды қамтамасыз етеді.

11. Уәкілетті орган 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясы нарығында бірыңғай сатып алушы моделіне көшуді қамтамасыз етеді.

12. Электр энергиясын сатып алу және электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сату бөлігіндегі осы Заңның күші 2023 жылғы 1 шілдеге дейін бұзылуға жататын бұрын жасалған шарттардан туындаған қатынастарға қолданылады."

70. "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 6-тармағының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге одан әрі қатысуын болғызбайтын мән-жайлардың басталуы (психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылық (ауру), денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес айналадағылар үшін қауіп төндіретін өзге де ауру не қайтыс болу).".

71. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия – балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның жанынан, ал облыстық, қалалық, аудандық – қалада, аудандық комиссиялар тиісті жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жанынан құрылады."

72. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 16) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16) жабдықтау нормалары (табиғи нормалар) – бейбіт кезде немесе соғыс уақытында әскери қызметшілерге, бөлімшелерге, әскери бөлімдерге (корабльдерге) және құрамаларға беруге белгіленген материалдық құралдардың саны;"

2) 7-баптың 12) және 14) тармақшалары алып тасталсын;

3) 14-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-1-бап. Қарулы Күштерді мұнай өнімдерімен жабдықтау ерекшеліктері

Мұнай өнімдерін Қарулы Күштер мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан сатып алады."

73. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы" 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бап алып тасталсын;

2) 4-1-бапта:

13) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

14) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың бағыттарын айқындайды;"

15) тармақша алып тасталсын;

3) 6-5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық мемлекеттік органдардың ұсыныстары бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарынан туындайтын стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың бағыттарын айқындайды."

74. "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасудың ағымдағы және перспективалық жоспарларын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі айқындайды.";

2) 4-бапта:

1-тармақтың үшінші бөлігіндегі "қабылданғанға дейін;" деген сөздер "қабылданға дейін жүргізіледі" деген сөздермен ауыстырылып, төртінші бөлік алып тасталсын;

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты Басшысының тапсырмасы негізінде;"

75. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бап алып тасталсын;

2) 5-баптың 10) тармақшасындағы "схемасын бекіту;" деген сөздер "схемасын бекіту кіреді." деген сөздермен ауыстырылып, 4), 5), 6), 12), 13), 14), 15) және 16) тармақшалар алып тасталсын;

3) 6-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Уәкілетті органдардың құзыреті";

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 2-1), 4-1) және 7-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) органикалық өнім өндіру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыру және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;"

"4-1) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың тізбесін бекіту;"

"7-1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенде және ауылдық аумақтарда қалыптасатын жер қатынастарын реттеу;"

2-тармақта:

1) және 3-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауылдық аумақтарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

"3-1) осы Заңның 18-бабының 8-тармағында көзделген әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну тәртібі мен мөлшерін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органның құзыретіне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту кіреді."

76. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бапта:

3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-5) тармақшамен толықтырылсын:

"6-5) Қазақстан Республикасы Президентімен немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының ұсынуы негізінде республикалық маңызы бар қалалардың шекараларында орналасқан республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінің бір бөлігін жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумаққа беру;"

7) тармақша алып тасталсын;

2) 8-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 5-4) тармақшамен толықтырылсын:

"5-4) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде республикалық маңызы бар қалалардың шекараларында орналасқан жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу бөлігінде олардың техникалық-экономикалық негіздемелерін түзету жобаларын және оларды жоспарлау жобасын (инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарын) келісу;"

3) 10-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы болған кезде уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық маңызы бар қалалардың шекараларында орналасқан жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлу бөлігінде олардың техникалық-экономикалық негіздемелерін түзету жобаларын және оларды жоспарлау жобасын (инфрақұрылымды дамытудың бас жоспарын) бекітеді;"

77. "Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 8-баптың 6-2), 7-3) және 9) тармақшалары алып тасталсын;
- 2) 9-бап мынадай мазмұндағы 7-11) және 7-12) тармақшалармен толықтырылсын:
"7-11) концессиялық жобаларды қаржыландыру жөніндегі ұйымдарды айқындайды;
7-12) концессия объектісін пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеу қағидаларын бекітеді;"

78. "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 6-баптың 3), 10) және 15) тармақшалары алып тасталсын;
- 2) 7-бапта:
мынадай мазмұндағы 1-2) және 1-3) тармақшалармен толықтырылсын:
"1-2) мәдениет, сондай-ақ халықаралық мәдени байланыстар саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асыруды қамтамасыз етеді;
1-3) мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендия беру тәртібі мен қағидаларын белгілейді;"
- 21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:
"21) мәдениет мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрады және ол туралы ережені бекітеді;"
- 29) тармақша алып тасталсын;
- 3) 19-1-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі алып тасталсын;
- 4) 27-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Мәдени-демалыс ұйымдары – көпшіліктің күнделікті араласу орталықтары (клубтар, мәдениет және демалыс саябақтары, мәдениет үйлері мен сарайлары, халық шығармашылығы орталықтары (үйлері) және басқалар), жеке адамды дамыту, көркемөнерпаз халық шығармашылығы орталықтары."

79. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

- 1) 5-бап алып тасталсын;
- 2) 6-бап мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:
"2-1) сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру тәртібін белгілейді;
2-2) сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерін құру, жүргізу және пайдалану тәртібін белгілейді;"
- 3) 9-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
"1. Сәйкестендіру нөмірін интегралдық микросхемаға енгізуді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қамтамасыз етеді.";
- 4) 13-баптың 2-тармағы алып тасталсын.

80. "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

2) 8-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;" .

81. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бап алып тасталсын;

2) 9-баптың 26) тармақшасы төртінші абзацындағы "пайдалану қағидаларын бекітеді;" деген сөздер "пайдалану қағидаларын;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"көлік саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша астанада автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын;

мүдделі орталық уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша жеке және заңды тұлғалардың астана аумағында сауда, ойын-сауық, қонақүй қызметтерін, медициналық және өзге де қызметтерді көрсету қағидаларын бекітеді;" .

82. "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 2), 3) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;" ;

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ветеринариялық-санитариялық бақылануға және қадағалануға тиісті тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;" .

83. "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 7) тармақшасы алып тасталсын;

2) 8-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруды және іске асыруды;" .

84. "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап алып тасталсын;

2) 6-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

85. "Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

2) 5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

86. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды, оның ішінде жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркегені және ғимараттарды, құрылысжайларды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарағаны үшін тіркеуші орган өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары уәкілетті органмен және монополияға қарсы органмен келісу бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қызметін ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асыратын уәкілетті органның шешімімен белгіленеді."

87. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) білім беру саласындағы уәкілетті орган – мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;"

мынадай мазмұндағы 18-5) тармақшамен толықтырылсын:

"18-5) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы;"

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44) мемлекеттік атаулы стипендия – ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган белгілейтін стипендия;"

2) 4-баптың 1), 3), 4), 5), 5-1), 5-2), 5-3), 11), 16), 22-2), 24-1), 29-1) және 30) тармақшалары алып тасталсын;

3) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:

1) азаматтардың білім беру саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) білім беру саласында жергілікті атқарушы органдарды үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;

3) білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

4) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекітеді;

5) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекітеді;

6) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама дайындау және жариялау арқылы қоғам мен мемлекетті мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру жүйесінің жай-күйі және оның қызметінің тиімділігі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

7) білім беру сапасына халықаралық салыстырмалы зерттеулердің жүргізілуін үйлестіруді және білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама дайындауды, сондай-ақ "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыруды, қолдап отыруды, оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді, оны интеграциялауды және оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаны айқындайды;

8) білім беруді басқару жүйесіне білім беру мониторингін және оны ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;

9) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларын бекітеді;

10) "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесін қалыптастыру, қолдап отыру, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграциялау және оның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

11) білім беру сапасын басқаруды, білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын әдістемелік және әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады ;

12) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекітеді;

13) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімдерін жүргізу қағидаларын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізілімдеріне енгізу және олардан шығару негіздерін бекітеді;

14) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын бекітеді;

15) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың түрлерін, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың нысандарын және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мазмұнына қойылатын негізгі талаптарды және оларды есепке алу мен беру қағидаларын, сондай-ақ білім беру ұйымдарында білім алуды аяқтамаған адамдарға берілетін анықтаманың нысанын бекітеді;

16) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органмен келіседі;

17) балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын бекітеді;

18) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларына сараптама жасау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

19) заңды тұлғаларға:

мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтар топтары және күндізгі оқыту және онлайн-оқыту нысандары бойынша техникалық және кәсіптік білім беру;

мамандықтар бойынша, әскери, арнаулы оқу орындары үшін мамандықтар топтары және күндізгі оқыту және онлайн-оқыту нысандары бойынша орта білімнен кейінгі білім беру;

рухани білім беру үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша береді;

20) білім беру мониторингін жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

21) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және қосымша білім беру бойынша қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асырады;

22) "Алтын белгі" белгісі туралы ережені бекітеді;

23) балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және қосымша білім беру бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізеді;

24) "Үздік педагог" атағын беру қағидаларын бекітеді;

25) "Орта білім беретін үздік ұйым", "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін үздік ұйым" гранттарының мөлшерін және оларды беру тәртібін белгілей отырып, осы гранттарды беруге арналған конкурстарды өткізу қағидаларын бекітеді;

26) халықтың тығыздығына және елді мекендердің шалғайлығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекітеді;

27) денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясын (бұдан әрі – Сот төрелігі академиясы) қоспағанда, мыналарды:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді;

28) аккредиттеу органдарын, оның ішінде шетелдік аккредиттеу органдарын тану қағидаларын бекітеді, танылған аккредиттеу органдарының, аккредиттелген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастырады және бекітеді, сондай-ақ оларды оған енгізу, оны тоқтата тұру және одан шығару негіздерін бекітеді;

29) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекітеді;

30) тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекітеді;

31) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекітеді;

32) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекітеді;

33) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекітеді;

34) орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекітеді;

35) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекітеді;

36) мүдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекітеді;

37) мүдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, кадрлар даярлау бағыттарының сыныптауышын бекітеді;

38) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындайды;

39) орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекітеді;

40) қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекітеді;

41) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

42) мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша сырттай және кешкі оқу, сондай-ақ экстернат нысандарында білім алуға жол берілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің тізбесін бекітеді;

43) мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру қағидаларын бекітеді;

44) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім алушыларды білім беру ұйымдарының типтері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекітеді;

45) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларын бекітеді;

46) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекітеді;

47) мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесін бекітеді;

48) мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді ;

49) мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидаларды бекітеді;

50) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекітеді;

51) мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді таңдау қағидаларын бекітеді;

52) Қазақстан Республикасының аумағында танылатын орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану қағидаларын бекітеді;

53) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою рәсімін жүзеге асырады;

54) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекітеді;

55) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекітеді;

56) білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу мен беру және олармен негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды бекітеді, олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

57) білім беру қызметінде орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысандарын бекітеді;

58) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекітеді;

59) мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы өткізуге арналған үлгілік шарттың және дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысандарын бекітеді;

60) білім беру жинақтау салымы туралы үлгілік шартты бекітеді;

61) қаржы ұйымдары беретін білім беру кредиттеріне кепілдік беру және осындай кепілдік беру мөлшерін айқындау қағидаларын бекітеді;

62) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және оны жүргізуді үйлестіреді, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

63) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің республикалық оқу-әдістемелік кеңесін, бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктерін құрады және олардың қызметі туралы ережелерді бекітеді;

64) республикалық орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;

65) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекітеді;

66) орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерді дайындау, сараптама жасау, сынақтан өткізу және мониторинг жүргізу, басып шығару жөніндегі қағидаларды бекітеді;

67) республикалық және жергілікті бюджеттер бекітілгенге дейін орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін, оның ішінде электрондық нысанда бекітеді;

68) мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіреді;

69) республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

70) жаратылыстану-математика циклі пәндері бойынша Президенттік олимпиаданы, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын, орындаушылардың республикалық конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекітеді;

71) жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекітеді;

72) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына (ғылыми жарыстарға) қатысушылар құрамын қалыптастыру қағидаларын бекітеді;

73) соңғы үш жылдағы жеңімпаздары мен жүлдегерлері (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім беру гранты беріле отырып қабылданатын, жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың және орындаушылардың халықаралық конкурстарының, спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекітеді;

74) жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекітеді;

75) жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы төлеу қағидаларын бекітеді, сондай-ақ жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, оларды дайындаған педагогтерге біржолғы сыйақы мөлшерін бекітеді;

76) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының жарғыларын бекітеді;

77) білім беру ұйымдарында меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру саласындағы заңнамасының және нормативтік құқықтық актілерінің, мемлекеттік жалпыға міндетті

білім беру стандарттарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы бюджеттік және қаржылық тәртіптің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады;

78) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерді қоспағанда, педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша бекітеді;

79) педагогикалық әдеп қағидаларын бекітеді;

80) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекітеді;

81) педагогтерді қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

82) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекітеді;

83) педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекітеді;

84) бейресми білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану қағидаларын бекітеді;

85) салалық көтермелеу жүйесін бекітеді;

86) шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізеді және өз құзыреті шегінде мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы халықаралық шарттарға (келісімдерге) және бағдарламаларға қол қояды, білім беру ұйымдары жүзеге асыратын халықаралық ынтымақтастық ұйымдарының қағидаларын белгілейді және осы жұмысты үйлестіреді;

87) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алушылар үшін өтемақылар төлеу арқылы қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде жеңілдікпен жол жүруді қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді;

88) студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекітеді;

89) жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқуға ата-ана төлемақысының шекті мөлшерін бекітеді;

90) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекітеді;

91) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамалар береді;

92) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында эксперимент режимінде іске асырылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сынақтан өткізу және ендіру қағидаларын бекітеді;

93) білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

94) білім беру ұйымдары, оның ішінде шағын жинақталған мектептер түрлерінің номенклатурасын бекітеді;

95) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде қамтылған мәліметтерді алады;

96) кәмелетке толмағандарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарында ұстаудың тәртібі мен шарттарын белгілейді;

97) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін (бұдан әрі – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі) әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;

98) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;

99) біліктілікті арттырудың ваучерлік-модульдік жүйесінің әдістемесін әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;

100) экстернат нысанында оқыту қағидаларын бекітеді;

101) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекітеді;

102) мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

103) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларын бекітеді;

104) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды олар орта білім алғанға дейін есепке алуды ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

105) республикалық орта білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

106) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекітеді;

107) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін бекітеді;

108) мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған орта білім беру ұйымдарын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанына қайта ұйымдастыру үшін өлшемшарттарды бекітеді;

109) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына бекітілген дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылысжайларын мүліктік жалдауға (жалға) беру қағидаларын бекітеді;

110) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) білім беруді басқару органдарының бірінші басшыларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатуды келіседі;

111) бюджет қаражаты есебінен орта білім беру объектілерін салуды, реконструкциялауды қаржыландыру әдістемесін бекітеді;

112) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;

113) тиісті саланың уәкілетті органымен келісу бойынша баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекітеді;

114) мемлекеттік білім беру ұйымдары, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының құнын айқындау әдістемесін бекітеді;

115) "Өркен" грантын беру қағидаларын және оның мөлшерін бекітеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті органның осы баптың бірінші бөлігінің 8), 9), 14), 20), 22), 23), 29), 30), 31), 32), 36), 38), 39), 40), 44), 45), 62), 66), 73), 78), 80), 81), 82), 83), 85), 88), 89), 90), 94), 97), 100), 101), 106), 107), 108), 109), 114) және 115) тармақшаларында көзделген өкілеттіктері әскери, арнаулы оқу орындарына және Сот төрелігі академиясына қолданылмайды.";

4) 5-1-бапта:

6) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) әскери, арнаулы оқу орындарында білім беру технологияларын қолдана отырып, оқыту нысандарын, оның ішінде онлайн-оқытуды қолдану және оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;"

5) мынадай мазмұндағы 5-3-баппен толықтырылсын:

"5-3-бап. Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:

1) азаматтардың білім беру саласындағы конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз етеді;

2) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады, салааралық үйлестіруді жүзеге асырады, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылым саласындағы халықаралық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

3) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім беруді дамытудың жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама дайындау және жариялау арқылы қоғам мен мемлекетті білім беру жүйесінің жай-күйі және оның қызметінің тиімділігі туралы объективті ақпаратпен қамтамасыз етеді;

4) білім беруді басқару жүйесіне білім беру мониторингін және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;

5) білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына білім алушыларды қабылдау қорытындылары бойынша мониторинг жүргізу қағидаларын бекітеді;

6) заңды тұлғаларға мыналарды;

кадрларды даярлау бағыттары және оқыту нысандары бойынша жоғары білім беру; кадрларды даярлау бағыттары және оқыту нысандары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру;

рухани білім беру үшін білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша береді;

7) білім беру мониторингін жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

8) Сот төрелігі академиясын қоспағанда, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді;

9) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекітеді;

10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекітеді;

11) мүдделі орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, кадрлар даярлау бағыттарының сыныптауышын бекітеді;

12) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою рәсімін жүзеге асырады;

13) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа басшылықты жүзеге асырады және оны жүргізуді үйлестіреді, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын, оқытудың кредиттік

технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ қашықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының жарғыларын бекітеді;

15) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының және нормативтік құқықтық актілерінің, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы бюджеттік және қаржылық тәртіптің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекітеді;

17) шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізеді және өз құзыреті шегінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, сондай-ақ ғылыми қызмет саласындағы халықаралық шарттарға (келісімдерге) және бағдарламаларға қол қояды;

18) студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімдерде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамаларды береді;

20) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекітеді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінде қамтылған мәліметтерді алады;

22) мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;

23) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын дамыту бағдарламасының құрылымын және оны әзірлеу қағидаларын бекітеді;

24) стипендиялық бағдарламаларға қатысу үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекітеді;

25) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру іске асырылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің тізбесін бекітеді;

26) "бакалавр" немесе "магистр" дәрежесін бере отырып, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімге ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларын бекітеді;

27) мемлекеттік атаулы стипендиялар тағайындайды;

28) маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, осы Заңның 47-бабының 17-тармағында көрсетілген мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату тәртібін айқындайды;

29) шетелде кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары бойынша, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын ұйымды (әкімшіні) айқындайды.

Ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның осы баптың бірінші бөлігінің 4), 5), 7), 9), 10), 11), 13), 16), 18), 20), 22), 23), 24) және 25) тармақшаларында көзделген өкілеттіктері әскери, арнаулы оқу орындарына және Сот төрелігі академиясына қолданылмайды.";

б) 14-баптың 8 және 8-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен және (немесе) ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

8-1. Су көлігі саласындағы мамандықтар бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен және (немесе) ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша сауда мақсатында теңізде жүзу саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бекітеді.";

7) 26-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.";

8) 29-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Білім беру ұйымдарында және тиісті инфрақұрылымда, оның ішінде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті үйлестіру білім беру саласындағы уәкілетті орган және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.";

9) 37-1-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қашықтан оқыту ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.";

10) 39-баптың 3-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды толтыруға қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

11) 40-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

12) 44-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мәдениет саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

13) 52-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекеттік білім беру тапсырысын айқындау кезінде Сот төрелігі академиясын , әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары профессор-оқытушылар құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

14) 62-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының мазмұнына қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган және (немесе) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

15) 65-баптың 4-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік оқу орындарын және (немесе) олардың филиалдарын құру халықаралық шарттар негізінде немесе ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.".

88. "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу аясындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі аккредиттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

2) 6-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аккредиттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;".

89. "Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі алып тасталсын.

90. "Тауар биржалары туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тауар биржаларының қызметі саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі тауар биржаларының қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

2) 4-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) тауар биржаларының қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;".

91. "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) және 1-3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аукциондық баға – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісі өндіретін электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатып алуына арналған, аукциондық сауда-саттық қорытындысы бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын баға;"

"1-3) басым тұтынушылар – құрамына электр энергиясын өндіру үшін қазба отындарын пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар кіретін тұлға немесе тұлғалар тобы және (немесе) өндіріп шығарған электр энергиясын осы тұлға немесе тұлғалар тобы толық көлемде тұтынатын не электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға орталықтандырылған сауда-саттықта сататын, жұмыс істеп тұрған (2018 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар тізбесіне енгізбеген) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін және (немесе) жұмыс істеп тұрған (2021 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілген) қайталама энергетикалық ресурстарды

пайдалану объектілерін меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде иеленетін энергия өндіруші ұйымдар;"

2) тармақша алып тасталсын;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тариф – уәкілетті орган бекіткен жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес басым тұтынушылар, өнеркәсіптік кешендер және тікелей тұтынушылар үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы белгілейтін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатуына арналған тариф;

4) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – уәкілетті орган айқындаған, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;"

5-1) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға арналған бірыңғай сатып алушының шығындары, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындар, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жұмсалған шығындар (кірістерді шегергенде), резервтік қорды қалыптастыруға арналған шығындар және оның қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар;"

мынадай мазмұндағы 9-8) және 10-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-8) тікелей тұтынушылар – жасалған екі жақты шарттарға сәйкес өздерімен бір тұлғалар тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;"

"10-1) өнеркәсіптік кешен – өздерінің құрамындағы меншік, жалға алу немесе өзге де заттық құқықтағы генерациялайтын көздерден электр энергиясымен қамтамасыз етілетін көтерме тұтынушылар;"

2) 5-баптың 9) тармақшасы алып тасталсын;

3) 6-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

10) және 10-1) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын, жаңартылатын энергия көздерін, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен, өнеркәсіптік кешендермен, тікелей тұтынушылармен және басым тұтынушылармен жасалатын электр энергиясын бірыңғай сатып алушы шарттарының тиісті үлгілік нысандарын әзірлейді және бекітеді;

10-1) тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларын әзірлейді;"

10-5) тармақша алып тасталсын;

4) 7-1-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

3, 4, 4-1, 4-2, 6, 7, 7-1 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы:

1) осы Заңда белгіленген тәртіппен жаңартылатын энергия көздерін және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан:

қаржы-есеп айырысу орталығы мен энергия өндіруші ұйым арасындағы сатып алу-сату шарттары бойынша – осы Заңның 8-1-бабының 2-тармағында көзделген индекстеуді ескере отырып, шарт жасасу күніне қолданыста болатын тіркелген тариф бойынша;

өзі не қаржы-есеп айырысу орталығы энергия өндіруші ұйыммен жасасқан сатып алу-сату шарттары бойынша – осы Заңның 8-1-бабының 2-тармағында көзделген индекстеуді ескере отырып, өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған аукциондық бағалар бойынша электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алуға;

2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес сатып алынған электр энергиясына " Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен ақы төлеуге міндетті.

4. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осы Заңға сәйкес қолдау жүзеге асырылатын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне енгізген энергия өндіруші ұйымдармен электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады және бұрын басталуына қарай Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне электр энергиясын босату жүзеге асырылған кешенді сынақтар басталған күннен бастап не сатып алу-сату шартына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау актісін ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап он бес жыл бойы электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

4-1. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осы Заңға және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес қолдау жүзеге асырылатын қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын және аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары тізіліміне енгізілген энергия өндіруші ұйымдармен электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады және Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне электр энергиясын жіберу жүзеге асырылған кешенді сынақтар басталған күннен бастап он бес жыл бойы электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.

4-2. Аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осы Заңға сәйкес қолдау жүзеге асырылатын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және уәкілетті орган жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне енгізген энергия өндіруші ұйымдармен электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады және бұрын басталуына қарай Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіне электр энергиясын босату жүзеге асырылған кешенді сынақтар басталған күннен бастап не сатып алу-сату шартына сәйкес объектіні пайдалануға қабылдау актісін ұсыну мерзімі аяқталған күннен бастап жиырма жыл бойы электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады.;"

"6. Басым тұтынушының құрамына кіретін энергия өндіруші ұйымдарды қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін, қайталама энергетикалық ресурстарды, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар :

1) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ай сайын электр энергиясы берілген айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей оны шығарудың, желілерге жіберудің тәулік сайынғы нақты көлемдері туралы ақпарат беруге;

2) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жыл сайын жиырмамыншы желтоқсанға қарай айларға бөле отырып, электр энергиясын шығарудың, желілерге жіберудің алдағы жылға арналған болжамды көлемдері туралы ақпарат жолдауға;

3) өңірлік электр желілік компанияға және (немесе) жүйелік операторға тәуліктік және айлық (ай басталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын) электр энергиясын беру кестелерін ұсынуға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электр энергиясын өндірудің тәуліктік кестелерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

7. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өздерін жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне енгізгеннен кейін күнтізбелік алпыс күн ішінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен сатып алу-сату шартын жасасу үшін өтінім береді.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасу үшін өтінімге қоса мынадай материалдар мен құжаттарды:

- 1) құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерін;
- 2) берілетін электр энергиясының көлемдері туралы ақпаратты береді.

7-1. Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өздерін аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізіліміне енгізгеннен кейін күнтізбелік алпыс күн ішінде қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен сатып алу-сату шартын жасасу үшін өтінім береді.

Қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйым қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасу үшін өтінімге мынадай материалдар мен құжаттарды:

- 1) құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелерін;
- 2) берілетін электр энергиясының көлемдері туралы ақпаратты береді.

8. Басым тұтынушы құрамына кіретін энергия өндіруші ұйымдарды және тасқындық электр энергиясын өндіру мен желіге жіберуді жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйымдарды қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздерін, қайталама энергетикалық ресурстарды, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын барлық энергия өндіруші ұйымдарда өзінің жаңартылатын энергия көздерін және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектісінде, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектісінде коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі болуға міндетті. Коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінде деректерді өңірлік диспетчерлік орталықтарға қашықтықтан беру мүмкіндігі болуға тиіс.";

5) 9-бапта:

1-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Заңның 8-1-бабының 2-тармағында көзделген индекстеу ескеріле отырып, өзі мен қаржы-есеп айырысу орталығы арасында сатып алу-сату шартын жасасқан күні қолданыста болатын тіркелген тариф бойынша не аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған аукциондық баға бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға;

2) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес жасалған екіжақты шарттарға сай шарттық бағалар бойынша тұтынушыларға өткізуге құқылы.";

2, 2-1 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес тікелей тұтынушылар, өнеркәсіптік кешендер, шартты тұтынушылар және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасасқан жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасында (бұдан әрі – жалпы шығындар) бөледі.

Тікелей тұтынушыларға және өнеркәсіптік кешендерге тиесілі жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар республиканың жоспарлы тұтынушының жалпы көлеміндегі олардың электр энергиясын жоспарлы тұтынушының тиісті үлесі (бұдан әрі – тікелей тұтынушылар мен өнеркәсіптік кешендердің шығындары) ретінде айқындалады.

Жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілеріне тиесілі, жалпы шығындар мен тікелей тұтынушылардың және өнеркәсіптік кешендердің шығындарының айырмасы ретінде айқындалатын жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар олардың арасында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын жоспарлы сатып алу үлесіне барабар бөлінеді.

Бұл ретте осы баптың 2-1 және 2-2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды басым тұтынушыға бөлмейді.

2-1. Басым тұтынушы пайдалануға берген жаңартылатын энергия көздерін және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілері электр энергиясын өндірудің жылдық көлемінің (немесе электр энергиясын күнтізбелік бір жылдан кем өндіріп шығарған кезде аз кезеңдегі көлемінің) өзі тұтынған электр энергиясының көлеміне арақатынасы төменде санамаланған екі көрсеткіштен:

1) Қазақстан Республикасында есеп айырысу жылында электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінде жаңартылатын энергия көздерін және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалану объектілері өндіріп шығаратын электр энергиясы көлемінің нақты үлесінен;

2) есеп айырысу жылында қолданылатын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында көзделген нысаналы көрсеткіштен төмен болған жағдайда, электр энергиясын бірыңғай сатып алушы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды қайта есептеуді жүргізеді және оның тиісті үлесін басым тұтынушыға қайта бөледі.";

"8. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар және жүйелік оператор қалыптастыратын

электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысады.";

б) 10-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл басымдық қуат нарығына қатысатын жаңартылатын энергия көздері объектілеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін қолдау және дамыту туралы заңнамасына сәйкес жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарттары шеңберінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын өткізуді жүзеге асырмайтын жаңартылатын энергия көздері объектілеріне қолданылмайды."

92. "Босқындар туралы" 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) пана іздеген адамдар жаппай ағылып келген кезде уақытша қоныстандыру пункттерін айқындайды және оларда қабылдау мен орналастыру тәртібін бекітеді;"

5) тармақша алып тасталсын;

2) 6-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) босқындар мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

93. "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Мемлекеттік статистика саласындағы мақсат және міндеттер

1. Мемлекеттік статистиканың мақсаты пайдаланушыларды ресми статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

2. Мемлекеттік статистика саласындағы мақсатқа қол жеткізу мынадай міндеттерді шешу арқылы іске асырылады:

1) статистикалық әдіснаманы қалыптастыру;

2) мемлекеттік статистика қағидаттарын сақтай отырып, статистикалық қызметті жүзеге асыру;

3) қоғамның, мемлекеттің және халықаралық қоғамдастықтың ресми статистикалық ақпаратқа қажеттілігін қанағаттандыру.";

2) 9-бап алып тасталсын;

3) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік статистика саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік статистика саласында:

1) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) ұлттық санақ жүргізу туралы шешім қабылдайды.";

4) 12-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік статистика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 2-1) және 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) ұлттық санақ жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді;

2-2) ұлттық санақтар жүргізудің тәртібі мен мерзімдерін айқындайды;"

4) тармақша алып тасталсын;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ғылыми әдістер мен көзқарастар, оның ішінде статистикалық әдістер негізінде жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша статистикалық әдіснаманы бекітеді;

6) статистикалық жұмыс жоспарына сәйкес жалпымемлекеттік статистикалық байқауларды, оның ішінде бағаларды тіркеуді ұйымдастырады және жүргізеді;"

6-1), 6-2), 7), 8), 8-2), 9), 9-1), 10), 11), 12), 14) және 15) тармақшалар алып тасталсын;

18-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1) статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде статистикалық мақсаттар үшін жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарайды;"

22) және 25) тармақшалар алып тасталсын;

5) 14-бап алып тасталсын;

6) 15-бап алып тасталсын;

7) 17-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) статистикалық байқаулар жүргізу кезінде респонденттердің бастапқы статистикалық деректерді ұсыну кестесіне және статистикалық әдіснамаға сәйкес уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бекітілген статистикалық нысандар бойынша анық бастапқы статистикалық деректерді ұсынуға;"

8) 22-бап алып тасталсын;

9) 23-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Статистикалық ақпаратты қалыптастыру үшін уәкілетті орган мынадай статистикалық тіркелімдерді:

1) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар, олардың оқшауланған бөлімшелері туралы ақпаратты қамтитын статистикалық бизнес-тіркелімді;

2) Қазақстан Республикасының аумағында тұратын жеке тұлғалар туралы, сондай-ақ одан тыс жерлерде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы ақпаратты қамтитын халықтың статистикалық тіркелімін;

3) Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін субъектілер жөнінде ақпаратты қамтитын ауыл шаруашылығы статистикалық тіркелімін;

4) Қазақстан Республикасының барлық меншік нысанындағы тұрғын үйлері туралы ақпаратты қамтитын тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімін жүргізуді жүзеге асырады.";

4, 5, 6 және 7-тармақтар алып тасталсын;

10) 24-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Статистикалық ақпаратты қалыптастыру статистикалық әдіснамаға сәйкес жүзеге асырылады."

94. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 58-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына;"

2) 98-баптың бірінші бөлігінің 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтерінен және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатынан;"

3) 117-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жеке сот орындаушысының осы баптың 1-тармағында көзделген атқарушылық құжаттар бойынша мәжбүрлеу шараларын қолдануға байланысты қызметіне ақы төлеу мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.";

4) 118-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жеке сот орындаушысы өзінің көрсеткен қызметтерінің ақысы үшін сомаларды осы бапта көзделген және уәкілетті орган белгілейтін мөлшерде ғана өндіріп алуға құқылы. Жеке сот орындаушысына өзінің қызмет ақысы сомаларының белгіленген мөлшерін өзгертуге тыйым салынады.

4. Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін уәкілетті орган бекітеді."

95. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 16-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"16-1) Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес – тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар

әзірлеу мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган құратын консультативтік-кеңесші орган;"

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

3) 5-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

96. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 72-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"72-1) тікұшақ қызметтерін ұсыну жөніндегі бірыңғай оператор – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, материалдық-техникалық ресурстары, әуе кемелері және білікті мамандары бар, азаматтық авиация субъектісі болып табылатын заңды тұлға;"

2) 13-баптың 53), 54-1), 57), 60) және 60-1) тармақшалары алып тасталсын;

3) 14-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) әуе кемелерінің халықаралық ұшуларын қамтамасыз етуге әуежайларға рұқсат беру туралы шешімдер қабылдайды;

1-2) жолаушыларға азаматтық әуе кемелерінде тасымалдауға тыйым салынған қауіпті заттар мен нәрселердің, сондай-ақ есірткінің барлық түрлерінің тізбесін бекітеді;"

4) 15-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) әуе кеңістігін пайдалану және мемлекеттік авиация қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

97. "Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеуді биоотын өндірісі мен айналымы саласындағы уәкілетті органдар және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады;"

2) 6-баптың 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу және қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

98. "Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы" 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

12-1-баптың 6-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының "Өркен" білім беру грантын беру қағидаларын және оның мөлшерлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді."

99. "Медиация туралы" 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-1-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) медиация саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

2) 9-баптың 4-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, медиация саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бекітілетін медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткенін растайтын құжаты (сертификаты) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар;"

100. "Ғылым туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 4), 5-1), 6), 9), 10), 10-1), 12), 14), 14-1) және 17) тармақшалары алып тасталсын;

2) 4-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;"

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық қаржыландыру нормаларын бекіту;

3-2) осы Заңның 27-1-бабына сәйкес іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру нормаларын бекіту;"

101. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 9-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік заңды тұлғаларға бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екіншісіне беру мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады;"

2) 11-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасы оларға қатысты жалғыз акционер (қатысушы) болып табылатын республикалық заңды тұлғаларды, ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық холдингтерді, ұлттық компанияларды, сондай-ақ өзге де акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;"

15-1) тармақша алып тасталсын;

3) 15-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын

"3-1) өз өкілеттіктері шегінде мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атау беру, оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және оларға жеке адамдардың есімдерін беру туралы шешім қабылдайды;"

4) 82-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жалпы пайдаланудағы мүлікті пайдалану қағидаларын Қазақстан Республикасының жалпы пайдаланудағы мүліктің жекелеген түрлері туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті өкілді немесе атқарушы органдарымен келісу бойынша тиісті салалардың уәкілетті органдары белгілейді.";

5) 87-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

6) 100-1-баптың 5-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тәуелсіз консультантты тарту мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

7) 188-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша өтінішті;"

102. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 11-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператор – мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын, қызметінің негізгі нысанасы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органды, мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органды мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға мұнай өнімдерін сақтау және жеткізу жөніндегі қызметтер ұсыну болып табылатын заңды тұлға;"

2) 6-баптың 12-1), 12-5) және 13) тармақшалары алып тасталсын;

3) 7-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады,";

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай операторды айқындайды,";

4) 8-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өз құзыреті шегінде мұнай өнімдерінің айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады,";

мынадай мазмұндағы 10-3) тармақшамен толықтырылсын:

"10-3) мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мұнай өнімдерін өндіру және олардың айналымы саласындағы есепке алудың бақылау аспаптары деректерінің операторын айқындайды,".

103. "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті мәртебе алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері,";

2) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оны жүзеге асыруды ұйымдастырады;

2) көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібін айқындайды,";

3) 9-бап мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) халықты құжаттандыру және тіркеу тәртібін айқындайды,";

4) 11-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады,";

4-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

"6-2) шетелде еңбек қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады,";

9-1) тармақша алып тасталсын;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) көшіп-қонушылардың және этникалық қазақтардың бірыңғай дерекқорын қалыптастырады және ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органының, Сыртқы істер министрлігінің тиісті ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді";

14-3) тармақша алып тасталсын;

5) 14-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың келуін және кетуін есепке алудың бірыңғай дерекқорын қалыптастырады, мәліметтердің жүйелі түрде жаңартылуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен және Сыртқы істер министрлігімен уақтылы ақпараттық алмасуды жүзеге асырады";

6) 15-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-7) және 6-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-7) Қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияны құрады және оның қызметін ұйымдастырады;

6-8) қандастар мен олардың отбасы мүшелеріне бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерін көрсетеді";

7) 17-1-бап алып тасталсын;

8) 18-бап алып тасталсын;

9) 19-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"19-2-бап. Қандастарды қабылдау жөніндегі комиссия

Этникалық қазақтардың қандас мәртебесін беруге немесе ұзартуға, ал қоныстандыру өңірлерінде оған қосымша қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге өтініштерін қарау үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Қандастарды қабылдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады, оның құрамына мәслихаттардың депутаттары, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.";

10) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап. Қандас мәртебесін беруден және ұзартудан және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден бас тарту үшін негіздер

Жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін беруден және ұзартудан және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуден мынадай негіздер бойынша бас тартады:

1) үміткерлердің осы Заңның 1-бабының 13) тармақшасында белгіленген шарттарға сәйкес келмеуі;

2) этникалық қазақ мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы;

3) қандас мәртебесін беру және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы өтініш жасаған этникалық қазақтардың Қазақстан

Республикасының аумағында құқық бұзушылықтар жасағаны туралы әшкерелейтін мәліметтердің және олардың террористік немесе экстремистік ұйымдарға жататындығы туралы өзге де ақпараттың болуы;

4) этникалық қазақтың "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге берілетін келісімінің болмауы;

5) қандастарды аумақтық-әкімшілік бірлікте қабылдаудың өңірлік квотасының болмауы немесе этникалық қазақтың қоныстандыру үшін ұсынылған аумақтық-әкімшілік бірліктен бас тартуы.";

11) 21-бап алып тасталсын;

12) 21-1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының аумағында тұратын қандастар жергілікті атқарушы органдарға өздерінің отбасы мүшелерін қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы жүгіне алады және олардың халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен оған енгізілуге құқығы бар.";

13) 23-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Қандас мәртебесін алған және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының аумағына келген кезде Қазақстан Республикасының халықаралық шартына және (немесе) кеден заңнамасына сәйкес көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлкіне кедендік төлемдерді төлеуден босатылады.";

14) 26-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу туралы олардың өтініштерін қарау үшін қажетті анық мәліметтерді Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелеріне, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға ұсынуға;";

15) 31-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) этникалық қазақтарды қоспағанда, көшіп келуші мен қабылдаушы білім беру ұйымдарының арасындағы шартқа сәйкес тұруына, сондай-ақ оқуына ақы төлеуге қажетті өзінің төлем қабілеттілігінің растамасын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісу бойынша ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мөлшерде ұсынуға;";

16) 35-баптың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен талаптарды сақтай отырып, тараптардың келісімінде айқындалған шарттарда медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті жабатын медициналық сақтандыруы болуға міндетті.";

17) 37-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын;

18) 39-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен талаптарды сақтай отырып, тараптардың келісімінде айқындалған шарттарда медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті жабатын медициналық сақтандыруы болуға;"

19) 41-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен талаптарды сақтай отырып, тараптардың келісімінде айқындалған шарттарда медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті жабатын медициналық сақтандыруы болуға міндетті.";

20) 43-1-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төмен талаптарды сақтай отырып, тараптардың келісімінде айқындалған шарттарда медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекті жабатын медициналық сақтандыруының болуы;"

21) 49-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) этникалық қазақтарды, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туылған немесе бұрын оның азаматы болған бұрынғы отандастарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының негізінде Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуға құқығы бар адамдарды және олардың отбасы мүшелерін, тізбесін халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін сұранысқа ие кәсіптері бар шетелдіктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен және мөлшерлерде өзінің төлем қабілеттілігін растауды бермеген;"

22) 51-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ішкі істер органдары айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркелуге ;";

23) 55-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу туралы шешім барлық құжаттар ұсынылған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей, ішкі істер органдары айқындайтын тәртіппен қабылданады."

104. "Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 12) және 19) тармақшалары алып тасталсын;

2) 9-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ғарыш қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) ғарыш жүйелерінің ұлттық операторларын айқындайды;"

105. "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 3), 4) және 19) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) газ және газбен жабдықтау, сондай-ақ мұнай-газ-химия өнеркәсібі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 16-2) тармақшамен толықтырылсын:

"16-2) Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасын бекітеді;"

106. "Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы" 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 2) және 20) тармақшалары алып тасталсын;

2) 5-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

107. "Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 2) және 14) тармақшалары алып тасталсын;

2) 7-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

108. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

13-баптың 3-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Қордың интернет-ресурсына орналастыру қағидаларын, сондай-ақ есептіліктің тізбесін, нысанын және орналастыру кезеңділігін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітеді."

109. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" 2012 жылғы 13 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 30-баптың 15-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"отбасылық-мүліктік жағдайын зерттеп-қарау актісімен расталатын, осы Заңның 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында айқындалған отбасы жағдайы бойынша;"

2) 84-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі алып тасталсын.

110. "Магистральдық құбыр туралы" 2012 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 2), 3), 6) және 10) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) магистральдық құбыр саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 6-2) және 6-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-2) магистральдық құбыр салу туралы шешім қабылдайды;

6-3) өнім түрлері бойынша ұлттық операторларды айқындайды, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекітеді;"

111. "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" 2013 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 8) және 18) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"8) білім беру саласындағы уәкілетті органдар – Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру мен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары;"

"18) Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор) – білім беру саласындағы уәкілетті органдардың бірлескен шешімімен айқындалатын, Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі қатысушыларының қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын және оның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйым;"

2) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органдардың құзыреті

Білім беру саласындағы уәкілетті органдар:

1) жыл сайын білім беру ұйымдарының типтері бойынша оқытудың орташа құнының ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлейді;

2) білім беру ұйымымен ынтымақтастық туралы үлгілік келісімнің нысанын бекітеді;"

3) 5-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салымшы, пайда алушы, қатысушы банк, қатысушы-сақтандыру ұйымы, енгізуші, сақтанушы, оператор, білім беру ұйымы, білім беру саласындағы уәкілетті органдар Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысушылар болып табылады;"

4) 7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салым шарты білім беру саласындағы уәкілетті органдар бекіткен үлгілік шарт негізінде қатысушы банк пен салымшы арасында қарапайым жазбаша нысанда жасалады;"

5) 11-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру шарты осы Заңның талаптарына сәйкес және білім беру саласындағы уәкілетті органдар қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бекіткен үлгілік шарт негізінде қатысушы-сақтандыру ұйымы мен сақтанушы арасында жазбаша нысанда жасалады.";

6) 12-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекет сыйлықақысы білім беру саласындағы уәкілетті органдар бекіткен мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.";

7) 13-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Білім беру саласындағы уәкілетті органдар және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттің сыйлықақысын инфляция деңгейінен төмен емес мөлшерде ұлғайту туралы ұсыныстар енгізеді.";

8) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін қатысушы банк білім беру саласындағы уәкілетті органдар бекіткен ынтымақтастық туралы үлгілік келісім негізінде оператормен ынтымақтастық туралы келісім жасасады.";

9) 17-баптың 1, 2, 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Оператор жыл сайын ағымдағы жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде қатысушы банктердің салым шарттары бойынша ұсынған мәліметтерінің негізінде білім беру саласындағы уәкілетті органдарға алдағы қаржы жылына арналған мемлекет сыйлықақыларын есепке жазудың болжамды есептемесін ұсынады.

2. Есепті жылдың қорытындысы бойынша оператор халықты әлеуметтік қорғау, балалардың құқықтарын қорғау және құжаттандыру және паспорттар мен жеке куәліктерді беру саласындағы уәкілетті органдардан қажетті мәліметтерді алғаннан кейін, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қаңтарына дейін білім беру саласындағы уәкілетті органдарға мемлекет сыйлықақыларының түпкілікті есептемесін ұсынады.

3. Білім беру саласындағы уәкілетті органдар оператордан мемлекет сыйлықақылары сомасының түпкілікті есептемесін алғаннан кейін есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанына дейін оператордың шотына мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аударады.

4. Оператор білім беру саласындағы уәкілетті органдардан мемлекет сыйлықақыларының жалпы сомасын алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде әрбір жасасылған салым шарты бойынша мемлекет сыйлықақысының мөлшері туралы мәліметтерді ұсына отырып, қатысушы банкке мемлекет сыйлықақыларын есепке жатқызуды жүргізеді.";

10) 18-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесіне қатысу үшін қатысушы-сақтандыру ұйымы білім беру саласындағы уәкілетті органдар бекіткен ынтымақтастық туралы үлгілік келісім негізінде оператормен ынтымақтастық туралы келісім жасасады."

112. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

68-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"68-1-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін мұнай өнімдерімен жабдықтау ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады."

113. "Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы" 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты – он жыл, ал он екі жастан төмен жастағы балаларға бес жыл қолдану мерзіміне беріледі.";

2) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Заңның 6-бабы 1-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көзделген жеке басты куәландыратын құжаттар жеке тұлғаның қалауы бойынша ішкі істер органдары белгілеген тәртіппен жеделдетілген түрде беріледі.";

3) 25-бап алып тасталсын;

4) 26-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жеке басты куәландыратын құжаттардың:

Қазақстан Республикасы азаматы паспортының;

Қазақстан Республикасы азаматы жеке куәлігінің;

шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаттың;

азаматтығы жоқ адамның куәлігінің;

жол жүру құжатының үлгілерін, оларды ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін бекітеді;"

5) 28-баптың 1) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"әділет органдары – туу туралы куәліктің үлгілерін, оларды ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін және оларды қорғауға қойылатын талаптарды әзірлейді;"

114. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) Бірыңғай байланыс орталығы – мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті орган айқындаған, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша – ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдарға

ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық қызмет функцияларын орындайтын заңды тұлға;"

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және оны жүзеге асыруды ұйымдастырады.";

3) 8-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

115. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 20-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Дербес деректер қорғалуға жатады, оған мемлекет кепілдік береді және уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.";

2) 22-баптың 1-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға осы Заңға және уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес:";

3) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі дербес деректер және оларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

4) 27-1-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дербес деректер және оларды қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 2-2) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-2) меншік иесінің және (немесе) оператордың өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін айқындау тәртібін анықтайды;

2-3) меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібін анықтайды;"

116. "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерін бекітеді.";

2) 14-баптың 17) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бизнес-әріптестердің тізілімін жасайды және жүргізеді;"

3) 19-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) осы Заңның 29-бабының 2-тармағында көрсетілген кәсіпкерлік субъектілерінің топтары ішінде съезд белгілеген сатылауға сәйкес, олар үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерлерін бекіткен міндетті мүшелік жарналар мөлшерін бекіту;"

117. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 11-бапта:

6), 25), 26) және 39) тармақшалар алып тасталсын;

42) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"42) төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану үшін материалдық құндылықтарды шығару, басқа мемлекеттік органдардың балансына беру, кәдеге жарату, жою жағдайларын қоспағанда, броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдайды;"

43), 46), 48), 58), 64) және 69) тармақшалар алып тасталсын;

2) 12-баптың 1-тармағында:

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) адамдарды құтқару үшін, аса қажет болған жағдайда, төтенше жағдайлар аймағындағы ұйымдардың байланыс, көлік құралдарын, мүлкі мен өзге де материалдық құралдарын пайдалану тәртібін белгілейді;"

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады;"

мынадай мазмұндағы 37-1) тармақшамен толықтырылсын:

"37-1) мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесін бекітеді;"

69) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"69) төтенше жағдайлар аймағындағы халықтың ең төмен тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;"

3) 12-1-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік резерв саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

2), 4), 5) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады;"

11), 12-2), 12-3), 15), 16) және 17) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17-1) және 17-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-1) қарыз алу тәртібімен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдайды;

17-2) мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша жою және кәдеге жарату үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдайды;"

4) 12-2-баптың 1), 3), 8-2), 11) – 20) тармақшалары алып тасталсын;

5) 20-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп жыл сайын азаматтық қорғаныс бойынша қалаларды – топтарға, ұйымдарды санаттарға жатқызу жөніндегі тізбелерді дайындайды, оларды тиісті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың азаматтық қорғанысы бастықтары бекітеді."

118. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 40-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"40-1) механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінің операторы – көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган айқындаған және механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесін жүргізуді, дамытуды, интеграциялауды және қолдап отыруды жүзеге асыратын акционерлік қоғам;"

2) 9-баптың 2), 3), 7), 8), 10), 12-2) және 13) тармақшалары алып тасталсын;

3) 10-баптың 1) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жол жүрісі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

"5) жол жүрісі қағидаларын, көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнаулы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнаулы түсті-графикалық схемалармен боялуға жататын жедел және арнаулы қызметтер тізбесін бекітеді;"

4) 11-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) жолдарда көлік құралдарының қозғалысын тоқтату немесе уақытша шектеу тәртібін бекітеді";

5) 23-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) көлік құралдары мен олардың тіркемелерін, тракторларды және басқа да өздігінен жүретін машиналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде мұндай тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін алып қоя отырып, сондай-ақ тізбесін уәкілетті орган бекітетін ақаулар және жағдайлар болған кезде пайдалануға тыйым салуға, ал тиісті техникалық пайдалану қағидаларында көзделген ақаулар болған кезде троллейбустар мен трамвайларды пайдалануға тыйым салуға; тораптарының және агрегаттарының нөмірлері не мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері жасырын, қолдан жасалған, өзгертілген, сол сияқты көлік құралдарының таңбалануы тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеген кезде көлік құралдарын пайдалануға тыйым салуға";

6) 36-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Халықаралық автомагистральдар мен азиялық автомобиль жолдары желілеріне кіретін жолдар халықаралық келісімдердің талаптарына сай болуға тиіс.";

7) 51-баптың 1-тармағының 1), 9) және 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жол жүрісі қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға қатер төндіретін, тізбесін уәкілетті орган бекітетін техникалық ақаулар мен жағдайлар болған";

"9) егер олардың техникалық жай-күйі мен жабдықталуы уәкілетті орган бекіткен көлік құралдарын пайдалануға тыйым салатын ақаулар мен жағдайлар тізбесінің талаптарына сай болмаған";

"12) уәкілетті орган бекіткен, көлігі арнаулы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнаулы түсті-графикалық схемалармен боялуға жататын жедел және арнаулы қызметтердің тізбесіне кірмейтін көлік құралдары арнаулы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталған және арнаулы түсті-графикалық схемалармен боялған";

8) 57-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мопед, велосипед жүргізушілері, жол бойымен мал, табын, жүк артылған, жегілген малды немесе мініс малын айдаушылар уәкілетті орган бекіткен жол жүрісі қағидаларын білуге және сақтауға міндетті.".

119. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-баптың 2-2), 11), 13), 16-1) және 17) тармақшалары алып тасталсын;

2) 11-бапта:

24) тармақшаның үшінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтары алып тасталсын;

25) тармақша мынадай мазмұндағы отыз үшінші және отыз төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын;

терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын әзірлейді және бекітеді;"

120. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-баптың 8) тармақшасындағы "бекіту;" деген сөз "бекіту жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 1-1) және 12) тармақшалары алып тасталсын;

2) 11-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) өзін-өзі реттеуді дамыту үшін жағдайлар жасау;"

121. "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің дене шынықтыру және спорт саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 7-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2), 1-3) және 1-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермелеудің мөлшерін бекітеді;

1-2) халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, жаттықтырушыларға және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама

командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелеріне ақшалай көтермелеуді төлеу және оны қайтару қағидаларын бекітеді;

1-3) спортшылар мен жаттықтырушыларға өмір бойы ай сайынғы материалдық камсыздандыруды төлеу қағидаларын бекітеді және олардың мөлшерін белгілейді;

1-4) дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі бірыңғай операторды айқындау қағидаларын бекітеді;"

18) тармақша алып тасталсын.

122. "Дамуға ресми көмек туралы" 2014 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын.

123. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

30-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Ұлттық ұлан мұнай өнімдерін өндіруді мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады."

124. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2015 жылғы 9 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-баптың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру тәртібін, оның ақшалай сыйақы мөлшерін және номинацияларын бекітеді;"

3) 19-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2), 6-3), 6-4) және 6-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) мемлекеттік жастар саясаты, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша және конфессияаралық келісім мен діни толеранттылықты нығайту бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асырады;

6-2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, іске асыру мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асырады;

6-3) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асырады;

6-4) талантты жастарды және перспективалы жастар шығармашылық ұжымдарын іздеуге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

6-5) жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни толеранттылықты нығайту бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асырады;"

125. "Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" 2015 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2) 9-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ең төмен әлеуметтік стандарттар жүйесіндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді";

126. "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру жобасын іске асыруға арналған шарт ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектісі мен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру жобасында мәлімделген өзге де қатысушы (қатысушылар) және ғылым саласындағы уәкілетті орган айқындаған, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыратын заңды тұлғалар арасында ол іске асырылатын бүкіл мерзімге, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге жасалады."

127. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

26-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту орталығының мақсаттарын, міндеттерін және қызметінің түрлерін мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

128. "Қоғамдық кеңестер туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, прокуратура органдарының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының, Қазақстан Республикасы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының қатысуымен қоғамдық кеңестер құрылмайды."

129. "Өзін-өзі реттеу туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі өзін-өзі реттеуді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 6-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

130. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Ішкі аудит қызметтері Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының Кеңесінде, Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратында, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппаратында, Жоғары аудиторлық палатада, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде құрылмайды."

131. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпаратқа қол жеткізу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 6-2-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;"

2) тармақша алып тасталсын;

10) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін бекітеді;"

"12) жыл сайын, 1 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасындағы ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті ұсынады;"

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды ақпарат иеленушіге төлеу тәртібін, сондай-ақ халықтың

әлеуметтік осал топтарын көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындарды төлеуден босату тәртібін айқындайды;" .

132. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражатының және қорға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатының сақталуын қамтамасыз ету

1. Мемлекет қор активтерінің және қорға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатының сақталуына кепілдік береді.

2. Қор активтерінің және қорға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатының сақталуы:

1) қордың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ететін нормалар мен лимиттерді белгілеу арқылы қордың қызметін реттеу;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы инвестициялық қызметті жүзеге асыру;

3) қордың активтерін инвестициялық басқару жөніндегі барлық операцияларды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есепке алу;

4) қордың меншікті қаражаты мен активтерін бөлек есепке алуды жүргізу;

5) жыл сайынғы тәуелсіз аудит жүргізу;

6) қордың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрақты қаржылық есептілікті ұсынуы;

7) қордың активтерін инвестициялау үшін қаржы құралдарының тізбесін айқындау арқылы қамтамасыз етіледі.";

2) 10-бапта:

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілейді;"

5), 5-1) және 6) тармақшалар алып тасталсын;

3) 11-бапта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) қордың қызметін қамтамасыз етуге жіберілетін, қордың активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілеу туралы ұсынысты әзірлейді;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген шекті шама шеңберінде қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шамасын белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) қордың комиссиялық сыйақы алу қағидаларын бекітеді;"

б) тармақша алып тасталсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) қордың медициналық көмек көрсетуге арналған қаражат бойынша есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдерін бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша қор активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының тізбесін айқындайды;"

4) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылар "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 80 және 82-баптарында көзделген міндеттерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді атқарады.";

5) 18-баптың 5 және 6-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қордың активтері және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған шоттарда орналастырылады және тек қана мынадай мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін:

1) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатын қоспағанда, қаржы құралдарына орналастыру;

3) аударымдардың және (немесе) жарналардың артық төленген сомаларын, қате есепке жазылған өзге де қаражатты қайтару.

6. Қордың активтері және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражаты:

1) кепіл нысанасы бола алмайды;

2) оларды кредиторлардың талабы бойынша өндіріп алуға болмайды;

3) мүлікке тыйым салу немесе өзгеше түрде ауыртпалық салу нысанасы бола алмайды;

4) оларды қордың және үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша инкассолық өкіммен өндіріп алуға болмайды;

5) осы Заңның 21-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, оларды сенімгерлік басқаруға беруге болмайды;

б) мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету нысанасы бола алмайды.";

6) 19-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қор өз қызметін инвестициялық қызметтен түсетін түсімдерді шегергендегі қордың активтерінен алынатын комиссиялық сыйақы есебінен жүзеге асырады. Комиссиялық сыйақы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартынан туындайтын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызметтер көрсеткені үшін қордың ақы төлеуі жөніндегі міндеттемелерді, сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде артық төленген міндеттемелерді орындау нысанасы болып табылмайды.";

7) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Есеп және есептілік

1. Қор Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен меншікті қаражаты бойынша бухгалтерлік есеп жүргізеді, қаржылық есептілікті жасайды және ұсынады.

2. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қаражаты бойынша қор:

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есепті жүргізеді;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік медициналық сақтандыру саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен есептілікті жасайды және ұсынады.";

8) 23-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қордың қаржылық есептілігіне және медициналық көмек көрсетуге арналған қаражат бойынша есептілігіне аудит Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

9) 36-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты талаптарының негізінде қордың активтері және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражаты есебінен жүзеге асырылады.".

133. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша айқындайтын тәртіппен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мынадай бағыттар:";

2) 11-баптың 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі функцияларды орындауға қатысатын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер мен қаржылық қызмет туралы есептерді мемлекеттік мүлікке қатысты меншік иесінің құқығын жүзеге асыратын мемлекеттік органға мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде ұсынады.";

3) 24-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Заңға сәйкес мемлекеттің қорғауында болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленеді.".

134. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Орталық мемлекеттік органдар аппараттарының басшыларына орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының және олардың орынбасарларының міндеттерін, сондай-ақ мемлекеттік органдар аппараттары басшыларының міндеттерін орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына және олардың орынбасарларына жүктеуге жол берілмейді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері аппараттары басшыларының міндеттерін әкімдердің орынбасарларына жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жетекшілік ететін атқарушы органдар бөлігінде жүктеуге ғана жол беріледі.";

2) 13-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік қызметшілердің мүлкін сенімгерлік басқаруға беру қағидаларын уәкілетті орган бекітеді.";

3) 30-баптың 4-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік саяси қызметшіге, "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшісіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Палатасы Аппаратының,

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Аппаратының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшісіне олардың мемлекеттік лауазымы мен лауазымдық өкілеттіктерін растайтын құжат болып табылатын қызметтік куәлік беріледі.";

4) 60-баптың 3-1-тармағында:

бірінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Осы тармақтың 1), 2), 3), 4), 4-1) және 5) тармақшаларында көрсетілген мемлекеттік саяси қызметшілер, егер олар тағайындалған күннен бастап үш ай өткен соң сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалған жағдайда:";

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) өзінің орынбасары, өзі жетекшілік ететін, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның басшысы, облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімі аппаратының өзіне тікелей бағынысты құрылымдық бөлімшесінің басшысы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған кезде – облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімі аппаратының басшысы;".

135. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 4), 6-2) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

2) 7-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;";

3) 36-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Электрондық ақпараттық ресурстарда қамтылған дербес деректерді сақтауды меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға уәкілетті орган айқындайтын тәртіпке сәйкес дербес деректерді қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдай отырып, Қазақстан Республикасының аумағындағы серверлік үй-жайда орналасқан электрондық базада жүзеге асырады.".

136. "Органикалық өнім өндіру туралы" 2015 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің органикалық өнім өндіру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі органикалық өнім өндіру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 7-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) органикалық өнім өндіру саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;" .

137. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік сатып алу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 16-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;"

3) 39-баптың 3-тармағында:

29) тармақшаның бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"29) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің мемлекеттік кәсіпорындары өндіретін, орындайтын, көрсететін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі мен көлемін, сондай-ақ мұндай тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алынатын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелері мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесін уәкілетті органмен және бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган бекітеді.";

46) тармақшадағы "тауарлар мен" деген сөздер "тауарларды, жұмыстарды және" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 41-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы баптың 1-тармағының талабы олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таралуы шектеулі қызметтік ақпаратты қамтитын мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуға, сондай-ақ осы Заңның 39-бабы 3-тармағының 4), 9), 17), 18), 20), 21), 23), 26), 31), 32), 35), 40), 41) және 46) тармақшалары негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік сатып алуға қолданылмайды.";

5) 50-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ерекше тәртіп қолданылатын мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

6) 51-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тауарларды өндіретін және (немесе) беретін, жұмыстарды орындайтын, қызметтерді көрсететін, Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының

қоғамдық бірлестіктерінен және (немесе) Қазақстан Республикасы мүгедектігі бар адамдарының қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдардан сатып алынатын жекелеген тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер түрлерінің тізбесін уәкілетті органмен және бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

138. "Атом энергиясын пайдалану туралы" 2016 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 4), 5), 8) және 9) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-баптың 8) және 18) тармақшаларындағы "әзірлейді" деген сөз "бекітеді" деген сөзбен ауыстырылсын.

139. "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-баптың 5) тармақшасы алып тасталсын;

2) 4-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бағалы металдарды өндіру, бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының, зергерлік және басқа да бұйымдардың айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

3) 12-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган айқындағандарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және (немесе) өткізілетін зергерлік және басқа да бұйымдар уәкілетті ұйымдарда міндетті түрде сынамалануға және таңбалануға жатады."

140. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 17-1-баптың 10-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әзірлеуші орган заң жобаларын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын дамытудың ғылыми тұжырымдамаларын, мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету саласында жүргізілген іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін және басқа да материалдарды пайдалануға құқылы;"

2) 18-баптың 5-тармағының бірінші бөлігі алып тасталсын;

3) 24-баптың 1-тармағының сегізінші бөлігі алып тасталсын;

4) 33-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

5) 33-1-бапта:

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

6) 33-2-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

7) 35-1-бапта:

3-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) тізбесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін нормативтік құқықтық актілерге қолданылмайды.";

6-тармақ алып тасталсын;

8) 50-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

9) 53-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

141. "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" 2016 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 2) тармақшасындағы "құру (айқындау);" деген сөздер "құру (айқындау) жатады." деген сөздермен ауыстырылып, 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 5-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;".

142. "Лотереялар және лотерея қызметі туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) лотерея операторы – лотерея өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;"

2) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі лотерея және лотерея қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

3) 7-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) лотерея және лотерея қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) лотерея операторын және оған лотерея өткізу құқығын беру мерзімін айқындайды;"

143. "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) пошта саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

144. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-бапта:

10-тармақтың үшінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына;"

2) 11-тармақтың екінші бөлігіндегі "әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының банктік шоттардағы активтеріне" деген сөздер "банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына" деген сөздермен ауыстырылсын.

145. "Волонтерлік қызмет туралы" 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің волонтерлік қызмет саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 9-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

146. "Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі жайылымдарды басқару, суландыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 6-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жайылымдарды басқару, суландыру және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;"

7) тармақша алып тасталсын;

3) 7-бап мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жайылымдардың оты-суының молдығы және жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі туралы деректерді жинауды жүзеге асыру;"

147. "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 6-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

148. "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 19-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекет кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетуге елеулі үлес қосуды ынталандырады.";

2) 22-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

3) 23-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) заң көмегін көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) адвокат, заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерлерін белгілейді;"

4) 48-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Адвокат көрсететін, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерлерін уәкілетті орган белгілейді."

149. "Стандарттау туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 9-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру және оның жүзеге асырылуын ұйымдастыру;"

150. "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.";

2) 8-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) табиғи монополиялар салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады және оның жүзеге асырылуын ұйымдастырады;"

3) 23-баптың 8-тармағында:

1), 3), 5), 6) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес электр энергиясын сатып алу жағдайларын қоспағанда, тікелей стратегиялық тауар өндірушілерден жүзеге асырады.";

4) 25-баптың 6-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-1. Табиғи монополия субъектілері уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бизнес-әріптестер тізілімін құру, жүргізу және пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына ақпарат береді.".

151. "Кинематография туралы" 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 1) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

2) 5-баптың 1-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кинематография саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

3) 12-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ұлттық фильмдерді, Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін балалар анимациялық фильмдері мен отбасымен көруге арналған фильмдерді қазақ тілінде дубляждауды қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау мақсатында уәкілетті орган жанынан консультативтік-кеңесші орган – Кинематография саласындағы мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылады.";

4) 13-бапта:

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік мүлік;"

6-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын;

5) 16-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік фильмдер қоры уәкілетті орган айқындайтын, шетелдіктер қатыспайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына (бұдан әрі осы бапта – заңды тұлға) тұрақты сақтауға беріледі.".

152. "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-баптың 3), 4) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

2) 11-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

22) және 23) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

"24-1) бірыңғай үйлестіру орталығын айқындау;"

3) 14-бап мынадай мазмұндағы 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) құрылуына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындауы жөніндегі шартты жасасу;

12-2) құрылуына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысатын республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясымен уәкілетті органмен келісу бойынша республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындауы жөніндегі шартты жасасу;"

153. "Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-баптың 13) тармақшасы алып тасталсын;

2) 6-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

154. "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 9-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын;

2) 10-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

3) 34-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген келіп түскен құжаттар тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнаулы комиссияның қарауына шығарылады;"

7-тармақ алып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Құжаттарды қарау нәтижелері бойынша тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнаулы комиссия музейдің атауын көрсете отырып, материалдар мен олжаларды республикалық немесе жергілікті маңызы бар мемлекеттік музейге беруді ұсынады.

Тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнаулы комиссияның ұсынымдары негізінде уәкілетті орган музейдің атауын көрсете отырып, материалдар мен олжаларды республикалық немесе жергілікті маңызы бар мемлекеттік музейге беру туралы шешім қабылдайды."

155. "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Педагог лауазымдарының тізбесін мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру салаларындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – білім беру саласындағы уәкілетті орган) бекітеді.";

2) 9-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жыл сайын республикалық бюджет қаражаты есебінен "Үздік педагог" атағының иеленушісіне білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын мөлшерде және тәртіппен сыйақы төленеді."

156. "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

11-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсу кезінде орта білім саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді;"

157. "Техникалық реттеу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің техникалық реттеу саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің техникалық реттеу саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тиісті техникалық регламенттер талаптарының өнімнің өмірлік циклі сатыларында сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органдарды айқындау.";

2) 7-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

"1) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін қалыптастырады;

2) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

3) 12-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) әзірленіп жатқан және қабылданған техникалық регламенттердің, стандарттау жөніндегі құжаттардың, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық шаралардың және өнімнің, көрсетілетін қызметтің сәйкестігін растау рәсімдерінің жобаларын жариялау көздері немесе олар жөніндегі мәліметтер туралы құжаттардың көшірмелерін және ақпарат ұсыну мақсатында Дүниежүзілік сауда ұйымының Хатшылығымен, Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелерімен, стандарттау жөніндегі халықаралық және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау үшін уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен құрылады және жұмыс істейді."

158. "Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы" 2021 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет туралы ережені, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің жұмысын ұйымдастыру және мемлекеттік фельдъегерлік байланыстың көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ мемлекеттік фельдъегерлік байланыстың көрсетілетін қызметтерін пайдаланушылар тізбесін уәкілетті орган бекітеді.";

2) 3-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары төрағаларының, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесі және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты басшыларының атынан жөнелтілетін (атына жіберілетін) хат-хабарды аталған лауазымды адамдардың тұрған орны бойынша табыстай отырып, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге жеткізу;"

3) 9-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) уәкілетті орган бекітетін, хат-хабарды қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, қарулы күзетуді жүзеге асыру, сақтауды, алып жүруді, тасымалдауды және жеткізуді қамтамасыз ету тәртібін, оның шекті көлемдерін, нормалары мен түрлерін әзірлеуге міндетті.";

4) 13-баптың 7-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) халықаралық және республикаішілік қатынастар үшін белгіленген жүру маршруттары бойынша тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын көлік ұйымдарына тиесілі көлік құралдарының барлық түрлеріне жолаушыларды жалпы отырғызу басталғанға дейін атыс қаруымен және өзге де қарумен, арнаулы құралдармен кедергісіз отыруға құқығы бар.

Мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің әуе көлігінде атыс қаруын және өзге де қаруды, арнаулы құралдарды алып жүру тәртібін уәкілетті орган айқындайды;"

5) 16-баптың 2-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызмет бабымен орын ауыстыруы және ілгерілеуі кезінде көтерме жәрдемақыға, көлікпен жол жүруге және жеке мүлкін тасымалдауға арналған шығындардың өтелуіне құқығы бар мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің лауазымдар тізбесін уәкілетті орган айқындайды."

159. "Өнеркәсіптік саясат туралы" 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшалары алып тасталсын;

2) 9-баптың 1) және 35) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өнеркәсіптік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

"35) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу елішілік құндылық мониторингіне жататын ұйымдардың тізбесін бекітеді;"

3) 30-баптың 1 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды қоса қаржыландыруды қоса алғанда, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін орта және ұзақ мерзімді кезеңдерге қаржыландыруды, лизингтік қаржыландыруды Қазақстанның Даму Банкі, сондай-ақ өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын басқа да ұлттық даму институттары жүзеге асырады.";

"3. Өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды қоса қаржыландыруды қоса алғанда, мемлекеттік бюджеттен берілетін қаражат шеңберінде қаржыландыру, лизингтік қаржыландыру шарттары мен тетіктерін өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды."

160. "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді.";

2) 7-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жануарларға жауапкершілікпен қарау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

161. "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" 2022 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

2) 9-бап мынадай мазмұндағы 1-1) және 17-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру әрі іске асыру және оның жүзеге асырылуын ұйымдастыру;"

"17-1) патогенді биологиялық агенттердің патогендігі және қауіптілік дәрежесі бойынша сыныптамасын ескере отырып, патогенді биологиялық агенттерді аса қауіпті инфекциялық аурулар туғызатындарға жатқызу өлшемшарттарын және патогенді биологиялық агенттердің тізбесін бекіту;"

162. "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" 2022 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 4) тармақшасы алып тасталсын;

2) 13-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;"

163. "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" 2022 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

2) 8-баптың 1) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

"5) бақылау тізімін бекітеді;"

164. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2022 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 1) тармақшасындағы "және 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын" деген сөздер алып тасталсын.

2-бап. Өтпелі ережелер

1. Саяси партиялардың филиалдары мен өкілдіктерінде лауазымдарды атқаратын облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері аппараттарының басшылары көрсетілген лауазымдарды осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап он күн ішінде босатуға тиіс.

2. Мынадай:

1) 1-баптың 11-тармағының 1) тармақшасы 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады;

2) 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін он екі жасқа толмаған балаларға берілген Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттары олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жарамды болып есептеледі;

3) осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін 132-тармақтың 2) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"4-1) жыл сайын қордың комиссиялық сыйақысының пайыздық мөлшерлемесінің шекті шамасын белгілейді;".

3-бап. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11-тармағының 1), 4) және 5) тармақшаларын;

2) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 9-тармағының 15) тармақшасын, 69-тармағының 1) тармақшасын, 4) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 5) тармақшасының бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 6) тармақшасын, 8) тармақшасының үшінші және төртінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтарын, 9) және 10) тармақшаларын, 11) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші абзацтарын, 13), 14) және 15) тармақшаларын, 91-тармағының 1) тармақшасын, 3) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарын, 4), 5) және 6) тармақшаларын, 150-тармағының 3) тармақшасын;

3) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағын, 5-тармағының 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларын, 7-тармағын, 11-тармағының 2) тармақшасын, 13-тармағының 7) тармақшасын, 8) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын, 20-тармағын, 53-тармағының 3) және 4) тармақшаларын, 69-тармағы 5) тармақшасының жетінші абзацын, 94-тармағының 1) және 2) тармақшаларын, 113-тармағының 1) тармақшасын, 132-тармағының 1) тармақшасын, 3) тармақшасының екінші, үшінші, төртінші, бесінші, тоғызыншы және оныншы абзацтарын, 5), 7), 8) және 9) тармақшаларын және 144-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ